

**Қазақстан республикасы
ақпарат және қоғамдық даму министрлігі**

**«Рухани жаңғыру»
Қазақстандық қоғамдық даму институты**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖҮЙЕСІ»**

Талдамалық баяндама

Нұр-Сұлтан, 2021

«Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық жүйесі» әлеуметтанулық зерттеуі / «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ» КЕАҚ, Нұр-Сұлтан, 2021. – 75 б.

Әлеуметтанулық зерттеу Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тапсырысымен жүргізілді.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУДАҒЫ ХАЛЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ.....	10
2 ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ БАСЫМ ТҮРТКІЛЕРІ	19
3 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ.....	24
4 ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ БИЗНЕС РӨЛІ.....	30
5 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНА СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ	38
6 ТАРАУ. КОНЪЮНКТУРА ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘЛЕУЕТІ.....	48
ҚОРЫТЫНДЫ.....	57
ҰСЫНЫСТАР	60
ҚОСЫМША.....	62

КІРІСПЕ

Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда қайырымдылық қызметі кеңейуде және қатысушылар саны өсуде, осыған орай көмек көлемі де ұлғаяуда. Мемлекет басшысы «Еріктілер жылы» деп жариялаған 2020 жыл азаматтарды игі істер қозғалысының айналасына біріктірді.

Қайырымдылық жеке адамдар немесе коммерциялық ұйымдар тарапынан қоғамдық тигіліктерді қалыптастыруға ерікті түрде үлес қосу деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының Президенті атап өткендей, пандемия жағдайында елімізде қайырымдылық пен волонтерлік жалпыұлттық масштабқа ие болып, әлеуметтік нормаға айналууда. Президент волонтерлік қызметті дамыту, қайырымдылық пен меценаттықты қолдау – мемлекеттің ұзақ мерзімді басымдығы екенін атап өтті. Волонтерлік қызметпен айналысудың өзі патриотизмнің жарқын көріністерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Еріктілер жылы» табысты және ерекше жыл деп атады, өйткені осы жылы қазақстандықтар, оның ішінде қазақстандық жастар жанашырлық, жауапкершілік пен қамқорлық сияқты шынайы асыл қасиеттерді көрсетті. Өткен жылы 100 мыңнан астам адам еріктілер іс-шараларына қатысты. «Birgemiz» жалпыұлттық бастамасы қысқа уақыт ішінде пандемияның қиын кезеңінде мұқтаж жандарға қажетті қолдау көрсеткен қамқор отандастардың басын қосты. Бастама аясында іске қосылған «Qamqor», «Sauluq», «Sabaqtastyq» жобалары жүз мыңдаған азаматтарымызға көмектесті. Өзендерді, ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптау бойынша «Таза Алем» еріктілер қозғалысының әрекеті кең қолдау тапты.¹

Осы талдамалық баяндама 2021 жылдың бірінші тоқсанында «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының бастамасымен жүзеге асырылған «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық жүйесі» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін талдау негізінде әзірленді.

Әлеуметтанулық зерттеудің негізгі мақсаты – халықтың қайырымдылыққа қатысты ұстанымдарын талдау.

Осы зерттеудің техникалық сипаттамасына сәйкес қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеудің мына міндеттерін шешу көзделген:

- 1) Қайырымдылық жүйесінің елдің даму қажеттіліктерімен сәйкестігін зерттеу;
- 2) Қайырымдылық қызметінің басым мотивтерін анықтау;
- 3) Қайырымдылық қызметінің кең таралған түрлерін көрсету;
- 4) Халықтың қайырымдылыққа қатысу деңгейін анықтау;
- 5) Қайырымдылық ұйымдарына сенім деңгейін анықтау;
- 6) Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін оятуға бағытталған шараларды анықтау;
- 7) Осы салада практикалық іс-шаралар қабылдау үшін ұсыныстар

¹ https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-nazval-usheshnym-god-volontera_a3727638

мен ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі: Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік-демографиялық және территориялық сипаттамаларын репрезентациялайтын параметрлер бойынша іріктеліп алынған 18 және одан жоғары жастағы тұрғындар.

Зерттеу пәні: Қазақстан халқының қайырымдылыққа қатысты практикалары мен ғадеттік ұстанымдарының ерекшеліктері.

Әлеуметтанулық зерттеудің іріктемелі жиынтығы

Іріктемелі жиынтық көлемі 1200 респондентті құрады. Сауалнама 14 облыста және республикалық маңызы бар 3 қалада жүргізілді. Зерттеуде стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды. Іріктеу мына кезеңдер бойынша жүзеге асырылды: іріктеу облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар халқының санын басшылыққа ала отырып жасалды. Бұдан әрі қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелді. Қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі облыстың ерекшелігіне және облыс орталығы, шағын қала және аудан орталығы, сондай-ақ ауылдар бойынша статистикалық деректерге сүйене отырып бөлінген. Іріктемені есептеу *1 кестеде* ұсынылды.

Іріктеме репрезентативті, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақын. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2021 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша 18 жастан асқан ел халқы 12 521 623 мың адамды құрады. Іріктемелі жиынтықтың құрылымы осы деректерді ескереді және көрсетеді. Іріктеме жиынтығының орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 3\%$ аспайды.

1 кесте. Жоба бойынша іріктемелік жиынтық*, адам

	Барлығы	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	1200	720	480	565	635
Нұр-Сұлтан қ.	73	73	0	34	39
Алматы қ.	135	135	0	58	77
Шымкент қ.	62	62	0	29	33
Ақмола облысы	51	24	27	24	27
Ақтөбе облысы	57	40	17	27	30
Алматы облысы	127	28	99	62	65
Атырау облысы	38	18	20	20	18
Батыс Қазақстан облысы	44	23	21	21	23
Жамбыл облысы	67	27	40	32	35
Қарағанды облысы	96	77	19	44	52
Қостанай облысы	63	36	27	29	34
Қызылорда облысы	48	21	27	24	24
Маңғыстау облысы	40	17	23	19	21
Түркістан облысы	110	22	88	55	55
Солтүстік Қазақстан облысы	40	19	21	19	21
Павлодар облысы	53	38	15	24	29
Шығыс Қазақстан облысы	96	60	36	44	52

*Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы 01 қаңтардағы ағымдағы деректері бойынша


Әлеуметтанулық зерттеуді жүргізу мерзімі: 2021 жылдың 1 тоқсаны.

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары


Бұл зерттеу Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларының әртүрлілігіне сәйкес келеді. Еліміздің барлық өңірлері, соның ішінде қала және ауыл халқы қамтылды. Нәтижелер жынысы, жас шамалары, сондай-ақ этникалық топтар бойынша пропорциялық бөлінген. Әлеуметтанулық сауалнамадан алынған мәліметтер елдегі қайырымдылық қызмет мәселелері бойынша халықтың пікірі мен қатынасын сипаттауға мүмкіндік береді.

Осылайша, сауалнамаға 46,3% ер мен 53,8% әйел қатысты. Этникалық құрамы бойынша респонденттердің басым бөлігі қазақтар – 70,9%, орыстар – 20,8%, басқа этнос өкілдері - 8,3%. Мәліметтер визуализациясы 1 және 2 диаграммаларда ұсынылған.

1 диаграмма. Респонденттердің гендерлік бөлінуі, %




2 диаграмма. Респонденттердің этникалық құрамы, %



Жас шамалары бойынша мәліметтердің бөлінуі: ең үлкен топ – 29-45 жастағылар. Саны бойынша екінші топ – 46-60 жас. Үшінші топ – 18-28 жас аралығы. Ең шағын топ - 61 және одан жоғары жастағы адамдар (3 диаграмма).


3 диаграмма. Респонденттердің жас шамасы бойынша бөлінуі, %



Мәліметтер сұралған респонденттердің басым бөлігі некеде екенін көрсетті, олар 68,7% құрайды. Бойдақ және тұрмыс құрмаған респонденттер 24,4% және сауалнамаға қатысқан респонденттердің аз үлесі жесірлер мен тұл ерлерге тиесілі – 6,9% (4 диаграмма).

Сауалнамаға қатысушылардың білім деңгейі туралы мәліметтерді қарастырайық, себебі білім компоненті респонденттердің сапалы және саналы пікірін білдірудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осылайша, сұралған 36,6% респонденттің кәсіптік-техникалық және орта арнайы білімі бар. Екінші орынға, аз айырмашылықпен, жоғары білімі бар адамдар санаты орналасты – 35,1%. Респонденттердің 19,9% орта, 6,4% аяқталмаған жоғары білімі бар. Аяқталмаған орта (9 сынып) білімі бар респонденттер тек 2% құрады. (5 диаграмма.)

4 диаграмма. Респонденттердің отбасылық жағдайы бойынша бөлінуі, %




5 диаграмма. Респонденттердің білім деңгейі бойынша бөлінуі, %




Дінде мейірімділік пен ізгілік туралы айтылатындығы кең таралған факт. Дін адамның рухани құрамдас бөлігін тәрбиелейді және ол адамды қайырымдылық іс-шараларына қатысуға шақырады және оны қолдайды деп болжам жасауға болады. Сауалнамаға қатысушыларға өздерін қандай дінге жатқызатындығы және діни мекемелерге бару белсенділігі туралы сұрақтарға жауап беру ұсынылды. Сонымен, ислам жақтаушыларының үлесі айтарлықтай басым – 75,3%. Саны бойынша екінші топ – православтар – 20,4%. Өздерін ешқандай дін өкіліне жатқызбаған адамдар үлесі 3,6% құрайды. Бір пайыздан сәл азы басқа дін өкілдері екенін айтқан – 0,8% (6 диаграмма).

Сауалнамаға қатысқан адамдардың абсолютті саны өздерін белгілі бір дінге жатқызатындығына қарамастан, осы діндер аясында қабылдаған канондарды сақтау дәрежесі әртүрлі. Бұл дәрежені респонденттердің діни мекемелерге бару жиілігімен өлшеуге болады. Жартысынан көбі, атап айтқанда 62,8%, тиісті мекемелерге «Өте сирек немесе ешқашан» баратындығын көрсеткен. «Апта сайын» діни мекемелерге баратындар тек 10,3% құрайды. Осылайша, өздерін белгілі бір дін өкілдері ретінде анықтайтындардың едәуір бөлігіне қарамастан, аз ғана бөлігі дін парыз еткен рәсімдерді жүзеге асырады (7 диаграмма).

6 диаграмма. Респонденттердің діни сенімі бойынша бөлінуі, %



7 диаграмма. Респонденттердің діни мекемелерге (меши́т, шіркеу, синагога және т.б.) бару белсенділігі, %



Респонденттердің қызмет ету саласы мен материалдық жағдайы туралы мәліметтердің қалай бөлінгенін қарастыру қажет, себебі қайырымдылыққа қатысу мүмкіндіктері көбіне материалдық жағдайдың деңгейіне байланысты анықталады. Сұралғандардың басым бөлігі жұмыссыз – 33,3%. Білім, ғылым, медицина сияқты салалардың қызметкерлері ең ірі топты қалыптастырды, содан кейін сауда саласы мен жұмыс мамандықтарының өкілдері орналасқан (2 кесте).

2 кесте. Респонденттердің жұмыс істеу саласы бойынша бөлінуі, %

	%
Жұмыс істемеймін	33,3
Білім, ғылым, медицина	13,3
Сауда саласы	12,2
Жұмыс мамандықтары	11,6
Ауыл шаруашылығы	5,8
Көлік саласы	5,4
Құрылыс саласы	5,2
Мемлекеттік қызмет	4,5
Қоғамдық тамақтану саласы	2,8
Ақпараттық технология және телекоммуникация саласы	2,5
Қызмет көрсету саласы	1,1
Күш құрылымдары, әскери қызметкер, полиция	0,8
Қаржы саласы	0,6
Өзін-өзі жұмыспен қамту	0,5
Энергетика саласы	0,3
Мәдениет саласы	0,1

Респонденттердің жартысынан көбі, атап айтқанда 52,8% «Ақша тамақ пен киімге жетеді, бірақ ұзақ уақыт пайдаланатын тауарларды сатып алу қиын» екенін айтқан. «Кіріс автокөлік немесе пәтер сияқты қымбат заттарды сатып алудан басқаның барлығына жетеді» деген жауапты 20,3% респондент көрсеткен. Ақшасы тамаққа жеткілікті респонденттердің үлесі – 14,8% (8 диаграмма).

8 диаграмма. Респонденттер әл-ауқатының деңгейі, %



1 ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУДАҒЫ ХАЛЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Қайырымдылық деп нені атайды және ол қандай формада болады?

«Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (02.01.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) қайырымдылық – қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет.

Қазақстандағы қайырымдылық саласы басқа елдердегі сияқты жүріп жатыр деп айтуға болады ма? Америкадағы қайырымдылық пен Еуропадағы қайырымдылық бір-бірінен ерекшеленеді, себебі еуропалық мемлекеттер – әлеуметтік мемлекеттер, сондықтан Америкада қайырымдылық қамтамасыз ететін көп нәрсені Еуропада мемлекет мойнына алған. Қазақстан – өзін әлеуметтік мемлекет деп санайтын, бірақ мемлекет тарапынан да, халық тарапынан да қайырымдылыққа қатысты үлкен күтіліс бизнеске бағытталған. Қазақстандық сарапшылар бұл сөздің тура мағынасында елде қайырымдылық жоқ деп мәлімдейді. Мысалы, қайырымдылық саласындағы жыл сайынғы «Алтын Жүрек» ұлттық сыйлығын құрушы Жұлдыз Айтбаева бізде өзі үшін белгілі бір пайда ала отырып, демеушілікпен айналысуды жөн көреді деп есептейді.

Бірінші бөлімде қайырымдылыққа қатысты түсініктер және қатынасты, көмек көрсетудегі қалауларды, сондай-ақ ақшалай қаражатты қайырымдылық мақсаттарға берудің тәсілдері мен әдістерін ашып көрсететін сұрақтарға респонденттер жауаптарына талдау жүргізілді.

Көбінесе қайырымдылық қызметі халықтың осал топтарына кез-келген қаражатты және қажетті заттарды беру түрінде көмек көрсетумен байланыстырылады. Қазақстандықтардың қайырымдылық қызметіне қатысты көзқарасын талдауды бастамас бұрын, ең алдымен, олардың «қайырымдылық» ұғымын қалай түсінетіндерін сұрадық. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, респонденттердің жартысына жуығы, яғни 46,9% қайырымдылықты көмектің кез келген өтеусіз нысаны ретінде түсінеді. 5% айырмашылықпен сауалнамаға қатысушылар қайырымдылықты мұқтаж адамдарға ақша аудару ретінде қабылдайды (41,9%). Әрбір төртінші адам үшін (24,1%) қайырымдылық материалдық емес көмек көрсетуді білдіреді. Сауалнамаға қатысқандардың 18% қайырымдылық – сұраған адамдарға көмек көрсету әрекеті екенін айтады (9 диаграмма).

9 диаграмма. «Қайырымдылық» деген сөзді қалай түсінесіз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі*, %



* жауаптар қосындысы 100% тең емес, себебі респондентке бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілді

Жалпы, сұралған респонденттердің басым бөлігі үшін қайырымдылық ақшалай аударымдар арқылы көмек көрсету болып табылады – 55,5% («Мұқтаж адамдарға ақша аудару» - 41,9% және «Қайырымдылық ұйымдарының шотына ақша аудару» - 13,6% жауаптарының қосындысы).

Гендерлік және жас шамасы бөлінісінде мәліметтер сызықтық бөлініске синхронды орналасқан. Әйелдер мен ерлер үшін, жастар мен ересектер үшін қайырымдылық, ең алдымен, кез келген өтеусіз көмек ретінде түсініледі. Бірақ елді-мекен түрі бойынша бөліністе мынадай жағдай байқалады. Қала тұрғындары үшін қайырымдылық 51,6% жағдайда кез келген өтеусіз көмек түрі болса, ауыл халқы бірінші кезекте қайырымдылықты мұқтаж адамдарға ақша аудару деп ұғынады – 46,6%.

Қазақ этносының өкілдері үшін қайырымдылық бірінші кезекте материалдық көмек болып табылады – 45,5%, ал орыс және басқа да этикалық топтар оны неғұрлым кең мағынада қарастырады, және бірінші кезекте – кез келген өтеусіз көмек көрсету ретінде қабылданады (тиісінше 57,0% және 56,0%).

Зерттеу нәтижелері қазақстандықтардың басым бөлігі (54,4%) қайырымдылыққа оң қарайтындығын және мұқтаж адамдарға көмектесуге тырысатындығын көрсетті.

Халықтың осы бағасын әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың призмасы арқылы толығырақ қарастырайық. 10 диаграммада өткен жылмен шамалы айырмашылық бар екендігі бірден байқалады. Қайырымдылыққа оң көзқараспен қарайтын халықтың аз бөлігі немқұрайлылық жағдайына көшкен сияқты (10 диаграмма).

Оң қарым-қатынас пен көмектесуге деген ұмтылыс ерлерге (50,8%) қарағанда әйелдерге (57,5%) тән. Этностар бөлінісінде ең алдымен орыс (43,8%) және басқа этностарға (47,0%) қарағанда қазақтар (58,4%) қайырымдылыққа оң көзқараспен қарап, мұқтаж адамдарға көмектесуге


тырысады. Діни сенім бойынша осы мәселеде көшбасшы ислам (57,7%) болып тұр, себебі елдің басым этникалық тобы мұсылмандар және бұл – мешітке апта сайын баратын ислам дінінің өкілдері (68,5%). Қаржылық қиындықтарды сезінбейтін, қажет болған жағдайда автокөлік немесе пәтерді еш қиындықсыз сатып ала алатын адамдар негізінен осы сенімнің жақтаушыларына жататыны таңқаларлық емес (80,3%).

Биылғы жылы жоғары білім туралы дипломның болуы осы тұжырымды жақтаушыларға өткен жылғыдай (61,8%) ықпал етпеді. Биылғы жылы жоғары білімі бар респонденттер (59,9%) жоғары оқу орнын бітірмегендерден 9% (68,8%) артта қалып отыр.

2020 жылы қайырымдылыққа ақпараттық технологиялар, білім беру, ғылым, медицина салаларында жұмыс істейтін, сондай-ақ жұмыс істемейтін (декрет, зейнеткерлер, студенттер) респонденттер мұқтаж адамдарға барынша оң көзқараспен қарап, көмектесуге тырысты (тиісінше 68,2%, 60% және 59,1%). 2021 жылы қайырымдылыққа жиі оң көзқараспен қарайтындарға және мұқтаждарға көмектесуге тырысатындар қатарында қызмет көрсету (76,9%), энергетика (75%), мемлекеттік қызмет (72,2%) салаларындағы қызметкерлер басым. Қызмет көрсету саласындағы қызметкерлерінің көшбасшылық позицияда болуына COVID-19 пандемиясымен тікелей байланысты жаппай локдаун ықпал етті деп болжауға болады. Себебі, қызмет көрсететін орта және шағын кәсіпкерлік салалары ең көп зардап шекті және осал болды.

Өңірлік тиесілілігі бойынша Нұр-Сұлтан (87,7%), Шымкент (75,8%) және Түркістан облысының (74,5%) тұрғындары қайырымдылыққа барынша оң көзқараспен қарайды және мұқтаж адамдарға көмектесуге тырысады. Өткен жылы Нұр-Сұлтанмен бірге үштікке Атырау облысы (81,6%) және Ақтөбе облысы (78,9%) кіріп еді. Ал 2021 жылы олардың көрсеткіштері екі есеге қысқарған (тиісінше 47,4% және 43,9%).

10 диаграмма. «Сіз қайырымдылыққа қалай қарайсыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Қайырымдылыққа теріс көзқарастың елеусіз көрсеткіштеріне қарап, қазақстандықтар қайырымдылық қызметінде өте белсенді және осы практикаға одан да тереңірек енуге дайын деп айтуға болады.

Респонденттердің пікірі бойынша қайырымдылыққа және көмек көрсетуге халықтың басым қабаттары

Респонденттердің пікірінше, халықтың қандай санаттарына адамдар көмектесуге дайын және ынталы екенін және бірінші кезекте қандай топтар көмекке мұқтаж екенін түсіну өте маңызды. Осылайша, респонденттердің жартысынан көбі (54,1%), ең алдымен, жетім балаларға, сондай-ақ ауыр сырқаты бар балаларға (48,8%) көмек көрсетеді. 11 диаграммадан көріп отырғанымыздай осындай жағдай өткен жылы да болған, бұл балаларға көмек көрсету көрсеткіштері орташа есеппен 3,9% төмендегеніне қарамастан. Көмек көрсету үшін маңыздылығы бойынша үшінші топ – мүмкіндіктері шектеулі адамдар (28,4%). Өткен жылғы өлшеммен (30,4%) салыстыра отырып, мұнда да 2% құлдырау бар екенін байқауға болады. Сауалнамаға қатысушылар 19,8% жағдайда қарт адамдарға қолдау көрсетуге дайын. Респонденттердің 19,3% табиғи апаттардың салдарынан қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсетеді.

Жалпы, өткен жылмен салыстырғанда халықтың барлық санаттарына бағытталған қайырымдылықты қолдау деңгейінің төмендегенін көріп отырмыз. Бұл ретте халықтың ешқандай да санаттарына көмек көрсетуге дайын емес адамдардың үлесі 5% дерлік ұлғайған (2020 жылы - 4%, 2021 жылы - 8,9%). Мұның себебі салдарынан көптеген адамдар жұмыссыздыққа ұшыраған карантиндік шектеулер болды деп болжауға болады. Азаматтардың материалдық жағдайының нашарлауы, ең алдымен, адамдар өздері туралы, содан кейін басқалар туралы ойлануына алып келді. Бірақ мұның басқа да жағы бар. Мұқтаж адамдардың күрделі қаржылық жағдайының одан әрі нашарлауы халықтың жанашырлық сезімінің артуына түпті болады. 15,9% сауалнамаға жауап берушілер көп балалы отбасыларға көмек көрсетуге дайын (3 кесте).

3 кесте. «Сіз ең алдымен халықтың қандай санаттарына көмектесуге дайынсыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %

	2020	2021
Жетім балалар	58,8	54,1
Ауыр науқас балалар	52	48,8
Мүмкіндіктері шектеулі адамдар, мүгедектер	30,4	28,4
Қарт адамдар	20,4	19,8
Қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар	21,1	19,3
Көпбалалы отбасылар	15,6	15,9
Халықтың ешқандай санатына көмектесуге дайын емеспін	4	8,9
Толық емес отбасылар	9,1	7,9
Ауыр науқастанған ересек адамдар	7,4	6,3
Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер	4	4,8
Тұрақты мекенжайы жоқ адамдар	6	3,5
Талантты жастар	2,2	2,4
Мигранттар, репатрианттар, оралмандар, жануарларға көмек, аз қамтылғандарға көмек, туыстарым мен жақындарыма көмек	0,7	1,1
Халықтың барлық санатына	0	1,1
Жауап беруге қиналамын	1,6	0,8

Әрине, балалар ең көп қолдау көрсетілетін категория екендігі сөзсіз, себебі, балалар өмірді безендіріп, мәнге толтырады деген ұстаным адамдардың санасында берік орныққан. Әсіресе, егер олар әртүрлі себептермен ата-аналары мен туыстарының қамқорлығынсыз қалған болса. Жетім балаларға жаңа отбасын іздеудің орнына жас ұрпақта балалардың туылуы мен тәрбиесі үшін жауапкершілікті, саналы түрде некеге тұруға және балалы болуға дайын болуды, сондай-ақ дені сау балаларды дүниеге алып келуі үшін олардың денсаулығы мен өмір салтын құрметтеу сезімін тәрбиелеу қажет.

2012 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент қорының демеушілігімен жүзеге асырылған және «Қайырымдылық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ және Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының бірлескен серіктестік жобасы аясында жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша 9 жыл ішінде көмек көрсетілуі тиіс халық санаттарына қатысты басымдықтар сақталған. Респонденттердің басым бөлігінің пікірінше, ең алдымен, мүгедектер (66,3%), сондай-ақ балалар үйінің тәрбиеленушілері (58,3%) халықтың назары мен қолдауына мұқтаж.²

Қайырымдылықтың басым әдістері мен түрлері

Қайырымдылық мақсаттарға ақша қаражатын берудің ең қолайлы әдістері ақша қаражатын тікелей аудару (35,2%), заттарды сыйға тарту (32,6%) және қаражат жинау жәшігі (31,5%) болып табылады. 4 кестеде 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі динамикадағы өзгерістерді егжей-тегжейлі қарастырсақ.

4 кесте. «Сіз қайырымдылық мақсатта ақша қаражатын қандай тәсілмен немесе әдіспен тапсыратыныңызды көрсетіңіз?» сұрағына мәліметтерің бөлінуі, %

	2019	2020	2021
Ақша қаражатын тікелей жіберу	37,6	36,9	35,2
Зат түріндегі қайырымдылық	22	30,7	32,6
Қаражат жинауға арналған жәшік	39	39,1	31,5
Онлайн	11,3	32,3	30,4
Айлық табыстан ерікті түрде % ұстау	0,2	8,2	6,6
Қаражат жинау бойынша іс-шараларға қатысу	6,9	8,1	5,8
Қайырымдылыққа ешқашан ақша аударған емеспін	-	2	5,7
Жұмыс орнын ұсыну	2	2	4,6
Электрондық әмиян арқылы	4,7	4,4	3,9
SMS/text жіберу	2	2	2,8
Лотерея билетін сатып алу	0,5	2,8	2,3
Жоғарыда аталғанның барлығы	-	-	0,2
Алғашқы қажеттілік азық-түлігімен көмектестім	-	-	0,7
Қоғамдық ұйымға мүшелік жарналар	2	2	2

² <http://mysl.kazgazeta.kz/news/190>

Соңғы үш жылдағы мәліметтерді салыстыра отырып, ақша аударудың жетекші әдістерінің үштігі өзгергенін байқаймыз. Соңғы екі жылдың көшбасшысы «Қаражат жинауға арналған жәшік» ағымдағы жылы үшінші орынға түсті. Соңғы жылдардағы екінші кең тарған әдіс тікелей ақша аудару болды. 2021 жылы бұл әдіс ең қолайлы болды (35,2%). Заттарды сыйға тарту халық үшін өзекті практика болып қала береді (32,6%). Жұмыс орындарын ұсынуда оң динамика байқала отырып, бұл көрсеткіш 2,6% өсті. Адамдарға масылдықты дағдыландырмау үшін бұл өте жігерлендіретін нәтиже, сондықтан, осы практиканы одан әрі дамыту қажет.

Егер өткен жылғы өлшеу кезінде COVID-19 байланысты төтенше жағдай және карантиндік шаралар онлайн әдістердің танымалдығының күрт артуына алып келген болса, онда биыл бұл көрсеткіш аздап 1,9% төмендеді. Сондай-ақ, «Айлық табыстан ерікті түрде % ұстау» сияқты әдістердің көрсеткіштері 1,6% (2020 жылғы 8,2%-дан 2021 жылы 6,6% дейін) және «Қаражат жинау бойынша іс-шараларға қатысу» 2,3% (2020 жылғы 8,1%-дан 2021 жылы 5,8% дейін) төмендеді. Электрондық әмиян жыл сайын өзектілігін жоғалтуда. Биыл қайырымдылыққа ешқашан қаражат аудармағандар саны 3,7% артты (3 кесте).

Қайырымдылықтың бірнеше түрі болады және әр адам оны жеке тәжірибелеріне сүйене отырып әртүрлі қабылдайды. Респонденттерге қайырымдылықпен қандай түрде айналысатындығы туралы сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы қайырымдылықтың топ-3 нысанын айқындады, олар: балаларды, оның ішінде жетім балаларды, ауыр науқас балаларды және мүгедек балаларды қолдаудан – 44,1%, мұқтаж адамдарға алғашқы қажеттілік өнімдерін беру – 33,5%, көшедегі садақа – 30,9%.

Бір жылдағы жағдай түбегейлі өзгерді. Өткен жылы көшеде садақ беру (46,6%) алғашқы позициялардағы қайырымдылық нысаны болса, осы жылы ол 15,7% жоғалтып, үшінші орынға ығысқанын көре аламыз. Балаларды қолдау танымалдығы бойынша үшінші орында болса (23,3%), 2021 жылдың қорытындысы бойынша ол бірінші орынға көтерілді және көрсеткіш екі есеге жуық (20,8%) өсті. Бір қызығы, өткен жылы балаларға көмек көрсетуге дайындық нақты әрекеттермен үйлеспеген болатын. Осының негізінде 2020 жылы адамдар бұл мәселеде қарама-қайшы қатынаста болды деп айтуға болады. Алайда, 2021 жылы бұл көрсеткіштер бір-біріне сәйкес келеді.


Мұқтаждарға алғашқы қажеттіліктегі өнімдерді беру пайызы өткен өлшеумен салыстырғанда 4 есеге жуық (24,8%) өсті. Өткен жылы бұл практика тіпті ТОП-5 кірмеген еді. Бұл да пандемиямен байланысты болуы мүмкін, себебі, осындай қиын кезеңде мұқтаж адамдар одан да осал бола бастады және бұл адамдарға осы мәселеде белсендірек болуына түрткі болды (12 диаграмма).

Мешіт пен шіркеудің қажеттіліктеріне ақшалай көмек 9,2% азайды. Өткен жылы бұл әдіс үшінші орында болды. Сарапшы 2020 жылғы

сауалнама мұсылман оразасымен және «пітір садақаға» қайырымдылық жасаған уақытқа тұспа-тұс келгенін атап өтті.

Жануарларға көмектесу 3,5% танымал болды. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалар айналымын 2,9% бәсеңдетті. Жалпы, мәдени мұраны сақтау, қоғамдастық пен қалалық ортаны дамыту, ғылыми зерттеулерді қолдау, ауруханалар мен хоспистерді қоса алғанда, медициналық мекемелерге қолдау көрсету, білім беру мекемелерін қолдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалар, тарихи нысандарды қайта құру, археологиялық зерттеулерді қолдау, кіші Отандағы әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу сияқты қайырымдылыққа қызығушылықтың төмен деңгейі өзгерген жоқ. Толығырақ 11 диаграммадан қараңыз.

11 диаграмма. «Егер сіз қайырымдылықпен айналыссаңыз, қандай формада?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



2020 жылы ҚҚДИ өткізген басқа әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері («Рухани жағғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігі) қазақстандықтардың «Туған жер» бағдарламасы арнайы жобасының іске асырылуын оң бағалайтындығын көрсетті («өте жақсы» – 11,6% және «жақсы» – 41,9%). Белгілісі, бұл арнайы жоба азаматтарды туған жерін дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және қайырымдылық мәдениетін дамыту арқылы қазақстандықтардың бойында шынайы патриотизм сезімін қалыптастыруға бағытталған. Қазақстанның барлық аймақтарында «Туған жер» арнайы жобасы аясында бизнесмен-меценаттар белсенді бола бастады, олар өзінің кіші Отанында мұқтаж жандарға көмек көрсетті, соның ішінде медициналық препараттар, дәрі-дәрмек сатып алуға, азық-түлік пен басқа да қажетті тауарларды жеткізуге көмектесті.

Зерттеуге қатысушылар қайырымдылықпен кімнің көбірек айналысуы керектігі туралы пікір білдірді. Көпшілік, атап айтқанда 45,9% әрбір адам өз мүмкіндіктеріне қарай қайырымдылықпен айналысуы тиіс екеніне сенімді. Сауалнамаға қатысқандардың үштен бірінен астамы (36,5%) мемлекет қайырымдылықпен көбірек айналысуы керек екенін атап өтті.

Егер өткен жылғы сауалнамамен салыстыратын болсақ, онда респонденттердің пікірлері сол пропорцияларды сақтай отырып, аздап төмендеген. Жалғыз ерекшелік – «Танымал адамдар» нұсқасының пайда болуы, 4,3% респонденттің пікірінше, дәл осылар қайырымдылықпен көбірек айналысуы керек. Мәліметтер 12 диаграммада ұсынылған.

12 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, көп жағдайда қайырымдылықпен кім айналысуы керек?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі



Жынысы, жасы, елді-мекен түрі және білімі сияқты әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар тұрғысынан айтарлықтай корреляциялар байқалмайды.

Отбасылық жағдайға қатысты шамалы айырмашылықтар бар. Некедегі адамдар (46,5%) және некеде тұрмаған адамдар (46,1%) әрбір адам өз мүмкіндіктері шегінде қайырымдылықпен айналысуға тиіс екеніне

сенімді. Ал тұл ерлер мен жесірлер мемлекеттің қатысуы қажет екенін айтады (44,6%). «Әр адам өз мүмкіндіктерінің шамасына қарай қайырымдылықпен айналысуы керек» деген тұжырымды қазақтар (48,1%) және басқа этникалық топтар (46%) қолдайды. Орыстар, керісінше, мемлекетті көбірек атайды (45,4%).

Сондай-ақ, қаржы саласында жұмыс істейтін респонденттердің ешқайсысы бұл әр адамның міндеті екенін атап өткен жоқ. Қаржы саласының қызметкерлері мемлекет пен бизнес-құрылымдар қайырымдылық қызметінде барынша белсенді болуға тиіс екеніне сенімді.

«Әр адам өз мүмкіндіктерінің шамасына қарай қайырымдылықпен айналысуы керек» деген тұжырым Нұр-Сұлтан қаласы (72,6%), Атырау (65,8%) және Павлодар облыстарының (60,4%) тұрғындары үшін жақын.

Тіпті тамақтануға ақшасы жоқ респонденттер (69,0%) мемлекет қайырымдылыққа көбірек көңіл бөлуі керек деп есептейді.

Елдегі ЖІӨ мен Дүниежүзілік қайырымдылық индексындағы орынның байланысы туралы қалыптасқан пікірге қарамастан, Үндіқытай түбегінің батысындағы шағын буддисттік ел кері практиканы дәлелдеп отыр. Экономикалық жағдайын жақсы деуден ашақ осы мемлекет 3 жылдан бері рейтингте бірінші орынға ие. Ал әлемдік ЖІӨ-нің 85% құрайтын Үлкен жиырмалықтың бес мүшесі ғана қайырымдылық жасаушы елдердің ТОП-20 кіреді. Бұл – Австралия, Канада, Индонезия, Ұлыбритания және Америка Құрама Штаттары. Дүниежүзілік қайырымдылық индексінің авторлары мұны дәстүрлі түрде ұлттық діни мәдениетпен, атап айтқанда, елде Тхеравада буддистерінің мықты қауымдастығының болуымен түсіндіреді.

Осылайша, рейтингтегі Қырғызстан мен Қазақстан позицияларының өсуі де түсіндіріледі. Бұл мұсылман елдерінде сауалнама Рамазан айында немесе бірден ол аяқталғаннан кейін, яғни қайырымдылықпен жиі айналысатын кезеңде жүргізілді. Зерттеуде соңғы айда адамдардың қайырымдылық жасағандығы туралы сұрақ қойылғанда, нәтижелер, басқа уақытпен салыстырғанда, едәуір жоғары болды.

Айта кету керек, қазақстандықтар дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға үлкен мән береді. Бұған сауалнамалардың нәтижелері дәлел. Сонымен, респонденттердің жартысынан көбі ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұлттық сәйкестенудің негізі болып табылады деп атап өтті (60,9%).

Балаларға көмектесу бастауы – бірінші кезекте, қазақстандықтардың дәстүрлері мен тарихында жатыр. Қазақ отбасы үшін балалар – ең басты қазына, сондықтан олардың туылуымен, өсуімен және тәрбиесімен көптеген салт-дәстүрлер (шілдехана, қырқынан шығару, тұсау кесу және т.б.) байланысты.

Осылайша, «қазақстандық қайырымдылық» салт-дәстүрлер нәтижесінде қалыптасқан ерекше сипаттамаларға ие.

2 ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ БАСЫМ ТҮРТКІЛЕРІ

Адамдар не үшін қайырымдылықпен айналысады? Ақшалай қайырымдылық жасауда әр адамның өз құндылықтары мен себептері бар. Ең көп таралған жауап нұсқаларын қарастырайық.

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың арасында ең кең тараған тұжырым – **өмірде жолы болмағандарға көмек көрсету (36,7%)**. 15 диаграммадағы мәліметтерге сәйкес, «Менің жағдайымнан да төмен адамдарға көмектескім келеді» нұсқасы – соңғы екі жылдағы таңдаулы жауап. Дегенмен, көрсеткіш өткен жылғы өлшеммен салыстырғанда төмендеген. Өмірде жолы болмаған адамдарға көмектесу ерлер үшін де, әйелдер үшін де (тиісінше 34,8% және 38,3%), сондай-ақ қала және ауыл тұрғындары (тиісінше 37,6% және 35,3%) мен 18-28 жастағы (42,6%) жас ұрпақ үшін де маңызды.

Жоғары білімі бар респонденттер (42,8%) қайырымдылық мақсаттарға ақша беруге көбірек дайын екендіктерін білдіреді. Сондай-ақ қазақтар (40%) үшін осы тұжырым басымдық болып табылады, орыстар - 30,1%, яғни шамамен 10% аз. Сонымен қатар, 27,7% орыс респонденті мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін аталғандардың бірде біреуін жасауға дайын емес. Басқа этникалық топтар өмірде жолы болмаған адамдарға көмектесуге дайын екендігін айтқан - 25%.

Биылғы екінші кең таралған сенім - «Менің ойымша, біздің барлығымыз әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуымыз керек» (21,3%). Өткен жылғы өлшеуде бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда үштен бірге өскенімен, үстіміздегі жылы көрсеткіш шамалы төмендеген.

Респонденттердің альтруистік көңіл-күйі жыл сайын біртіндеп сөнуде. Осылайша, қазақстандықтардың 14,9% ақшаны қайырымдылық мақсаттарға жұмсауға дайын, себебі, бұл **өздерін жақсы сезінуге көмектеседі**. Өткен жылы бұл көрсеткіш 18,5%, ал 2019 жылы 21,4% құрады.

Кең таралған сенімдердің үштігі «Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы емес» жауап нұсқасымен аяқталды - 17,3%, өткен жылы осы жауап нұсқасы тізім соңында болған еді. Халықтың барлық игі түрткілері біртіндеп жойылып, әрекетсіздік қарқыны артуда (5 кесте).

**5 кесте. «Сіз қайырымдылыққа ақша беруге қандай сенімдерден дайынсыз?»
сұрағына мәліметтердің бөлінуі**

	2019**	2020*	2021*
Менің жағдайымнан да төмен адамдарға көмектескім келеді	36,2	42,6	36,7
Менің ойымша, біздің барлығымыз әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуымыз керек	16	24,7	21,3
Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы емес	0,7	9,9	17,3
Бұл маған өзімді жақсы сезінуге көмектеседі	21,4	18,5	14,9
Мен жағдайды өзгерте алатынымды түсінемін	12,9	13,5	14,3
Адамдар менен сұраған кезде мен бас тарта алмаймын	15,2	14,7	12,5
Мен үшін ақша жіберу проблемасын тудырған негізгі себептермен күресу өте маңызды	6,2	16	10,2
Мен қаражат жіберетін ұйымға сенемін	11,2	10,4	9,3
Я хочу показать пример для других	10,2	10,8	8,9
Бұған менің діни сенімім мен құндылықтарым ықпал етеді	11,2	10,6	8,9
Қоғам менен мұндай іс-әрекетті күтеді	3,8	2,7	2,3
Қайырымдылық жасауға шамам келмейді	-	-	0,2
Бұл туралы ойланған емеспін	-	-	0,1

* сауалнамаға қатысқан респонденттердің барлығынан

** ақша аударымдарын жасағандардан

Қайырымдылыққа түрткі болатын факторларды талдай отырып, біз респонденттерге «Қай жағдайда Сіз қайырымдылық мақсатта көп қаражат жұмсайтын едіңіз?» сұрағын қойдық. Қайырымдылық жасау мүмкіндіктері халықтың әл-ауқатына тікелей байланысты екендігі анықталды. Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың көпшілігі, атап айтқанда 42,3%, табысы қазіргіден көп болған кезде қайырымдылыққа көбірек көмектесу мүмкін болатындығы туралы айтқан.


Өткен жылғы өлшеммен салыстырсақ, бірінші үштікте қайырымдылық іс-әрекеті түрткілерінің алмасуы орын алған.

Берілген қаражатты бөлудің ашықтығы осы жылы екінші орынға ығысты. 2020 жылы көрсеткіш 47,6% құраса, 2021 жылы ол бүтіндей 10% кеміген.

14,9% жағдайда табыс пен әл-ауқат деңгейіне тәуелділікті білдіреді («зекет», «оннан бір бөлігі», белгіленген пайызды беру және т.б.), яғни қайырымдылық автоматты түрде артады. 14,6% жағдайда жоспарланбаған кіріс орын алғанда (мұра, сыйлық, ұтыс, активтердің кенеттен өсуі және т.б.), қайырымдылықтың артуы байқалады. Егер қандай да бір нақты іс немесе проблемаға ішкі жан дүниесі елең етсе, онда 13,4% респондент қайырымдылық мөлшерін көбейтуге дайын. Мәліметтер 13 диаграммада ұсынылған.

Екі өлшемнің нәтижелері қайырымдылық қызметке араласу халықтың қаржылық жағдайы мен өмір сүру сапасына тікелей байланысты екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, адам өзі қаржылық жағынан тәуелсіз болған кезде мұқтаж адамға көмектесуге де дайын.

13 диаграмма. «Қай жағдайда Сіз қайырымдылық мақсатта көп қаражат жұмсайтын едіңіз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі



Қайырымдылықты жеткілікті түрде жасайтындар үлесі артты (8,9%). Осы сұраққа жауап беруге қиналғандар – 7,2%. Өткен өлшеммен салыстырғанда «Қайырымдылық бағдарламалары, қаражат алу және беру тәсілдері менің діни наным-сеніміме сәйкес келетін болса» (6,6%) және «Егер менің кірістерім үшін салық жеңілдіктері болса (салықты есептеу кезінде менің қайырымдылық сомам ұсталады)» (6,3%) сияқты жауап нұсқалары бойынша көрсеткіштер екі есе кеміген.

Респонденттердің 5,5% ақша аудару оңай болған кезде, ақша аудару үшін қолжетімді арналар көп болған жағдайда қайырымдылық мөлшерін көбейтетіндігін айтады. Бұл көрсеткіш сол деңгейде қалды.

Өмірде жолы болмағандарға, мұқтаж жандарға, әртүрлі өмірлік жағдайларда зардап шеккендерге, жануарларға қатысты әлеуметтік жауапкершілікті барлық адам бірдей сезінбейді. Осыған байланысты

респонденттерге, «Сізді қайырымдылықпен айналысуға не тежейді?» деген сұрақ қойылды. 14 диаграммада ұсынылған нәтижелер алынды.

Біріншіден, өткен жылғы өлшеммен салыстырғанда принциптердің түбегейлі өзгергендігін атап өткен жөн. Осылайша, респонденттердің жартысынан көбі, яғни 52,5% «Қаржылық мүмкіндік жоқ» позициясын белгілегенін көре аламыз. Ал өткен жылы бұл көрсеткіш рейтингтің соңғы позицияларында орналасқан еді. Бәлкім, бұл тұжырым есептеу әдісінің алдыңғы жылмен салыстырғанда басқа болуымен байланысты шығар. Мағыналық жүктеме ұқсас болғанымен, респонденттер үшін жаңа тұжырым неғұрлым түсінікті және оңай қабылданады.

14 диаграмма. «Сізге қайырымдылықпен айналысу үшін не кедергі?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Қайырымдылық жасауға қаржылық мүмкіндігі жоқтар қатарында – 61 және одан жоғары жастағы аға ұрпақ (61,7%); ауыл халқы (59,5%); православтар (61,2%). Этникалық бөліністе қайырымдылыққа қаржылық мүмкіндіктері жоқ басқа этникалық топтардың үлесі – 61%), орыстар – 57,8%, ал қазақтар – 50%.

Отбасылық жағдайына қатысты тұл ерлер мен жесірлердің (61,4%) қайырымдылық мақсаттарға қосымша мүмкіндіктері жоқ екені анықталды. Аяқталмаған орта білімі бар респонденттер қайырымдылықпен айналысуға мүмкіндігі жоқ (75%) екендігі түсінікті. Әрине, әрдайым емес, бірақ білім

деңгейі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін анықтайды. Басқаша айтқанда, адамның білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның беделді ұйымдарға тартымды лауазымдарға жұмысқа орналасу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады, сәйкесінше бұл лайықты еңбекақымен қатар жүреді.

Өңірлік бөліністе Қостанай облысы (88,9%), Жамбыл облысы (82,1%) және Атырау облысы (78,9%) тұрғындарының қайырымдылыққа мүмкіндіктері жоқ. Қайырымдылыққа уақыт жетіспейтінін айтқан респонденттердің ең аз саны Батыс Қазақстан облысының тұрғындары арасында (20,5%) байқалады.

Респонденттердің қайырымдылық жұмысымен айналысуын тежейтін екінші себеп, алдыңғы сауалнамадағы сияқты, уақыттың тапшылығы (15,9%). Қайырымдылыққа уақыты жетпейтін топ-3 қызмет саласына өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (33,3%), қаржы саласы (28,6%) және мемлекеттік қызмет (24,1%) қызметкерлері кірді. Уақыт жетіспеушілігі себебін ең аз таңдағандар – 61 жастан асқан адамдар (6,4%), тұл ерлер мен жесірлер (6%).

Респонденттердің қайырымдылық істермен айналысуына кедергі болатын алғашқы үш себептің соңғысы – өткен жылы көш бастаған «Бәрібір барлығына көмектесе алмайсың» қағидаты (14,8%). Биыл оның көрсеткіші екі есеге төмендеді (2020 жылы – 30,7%). Адамдар қайырымдылыққа деген немқұрайлылықтан игі іс жасаудағы нақты кедергілерді атай алатын деңгейге өзгерді. Бұл оң өзгерістер деп болжауға болады.

Қаражатты көмекке зәру адамға жеткізу процесіндегі бақылаудың болмауы адамдардың 10,8% жағдайында күмән тудырады. Бұл сенім көбіне қала тұрғындары (12,2%) және жоғары білімді барлар (15,4%) арасында кең таралған.

6,3% респондент қайырымдылық жұмыстарына араласпайды, себебі олар бейтаныс адамдардың проблемаларын жүректеріне жақын қабылдайды. Негізінен бұл нұсқаны мемлекеттік қызметкерлер көп таңдаған (11,1%). Ең сезімтал Қызылорда облысының тұрғындары болып шықты (22,9%).

«Қайырымдылық қызметімен айналысуға кедергі жоқ» қағидатының көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 2% шамасында өскен. 5% жағдайда адамдар өздерін біреуге көмектесуге міндетті деп санамайды. Қатысушылардың 4,4% жағымсыз жағдайға тап болғысы келмейтіндіктен қайырымдылықты елемейтін аса сезімтал адамдар. Өмірлік тәжірибе, яғни көмек көрсетілгендер тарапынан алғыстың болмауы 4,3% респонденттің қайырымдылық жасауына кедергі болады. Қайырымдылық – сәнді емес деген пікірдегілер – 0,8%. Респонденттердің 5,3% сұраққа жауап беруге қиналған.

Екінші тарауды қорытындылай келе, қазақстандықтардың қайырымдылық мәдениетіне араласуға және өмірінде жолы болмаған адамдарға көмектесуге (36,7%) рухани дайындығының жоғары деңгейін атап өту қажет. Қазіргі Қазақстан – көп ұлтты, көп мәдениетті ел. Мәдениеттің алуан түрлілігіне қарамастан, Қазақстанның титулдық ұлты өзінің мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын мұқият сақтап келеді Қазақ халқы сан ғасырдан бері мұқтаж жандарға мейірімділігімен және жанашырлығымен ерекшеленеді. Бұған мысал – мұқтаж жандарға бүкіл отбасымен немесе бүкіл әулетпен, бүкіл ауылмен көмектесуге бағытталған «Асар» дәстүрі. Бұл үйдің немесе мал қорасының құрылысы болуы мүмкін.

3 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ

Қайырымдылық қызметіндегі халық белсенділігі

Қайырымдылықтың басты ерекшелігі – қайырымдылық түрін, уақытын және орнын, сондай-ақ атаулы көмектің мазмұнын өз еркімен таңдау. Азаматтардың қайырымдылық қызметке қатысу деңгейі елдегі азаматтық қоғамның даму деңгейі көрсеткіштерінің бірі бола алады. Осы мақсатта зерттеу аясында респонденттерге «Төменде аталғандардың ішінде соңғы 12 айда не істедіңіз?» сұрағы қойылды.

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттер негізінен заттарды, бұйымдарды, тауарларды мұқтаж адамдарға беруге көмектескен (37,8%). Өткен жылы бұл көмек түрі жиі қолданылды (41,8%). Мұндай іс-шаралар жастарды қоспағанда, барлық жас шамасындағы топтарда бірдей кең таралған. 18-28 жас аралығындағы жастар көбіне нақты адамдарға тікелей ақша аударған (31,9%). Өткен жылдағыдай, осы практикада әйелдердің белсенділігі ерлерге қарағанда 9,6% жоғары. Некедегі адамдар заттар мен өнімдерді мұқтаж жандарға жиі берген (40,5%). Басқа этностар бұл әрекетті қазақтар мен орыстарға қарағанда 15% артық іске асырған. Жоғары білімді адамдар да осы көмек түрімен белсенді айналысады, 41,3% жағдайда. Қызылорда облысының тұрғындары мұқтаж адамдарға алғашқы қажетті өнімдерді беру бойынша көш бастап келеді – 72,9%.

Ақшалай қайырымдылықтар (27,4%) заттар мен өнімдердің қайырымдылықтарына қарағанда онша танымал емес. Бұл қайырымдылық түрінің жалпы көрінісі қандай? Ақша аударымдарының кепілдігі мен адалдығының жоқтығына байланысты тұрғындар ақша аударымдарына сенімсіздікпен қарайды. Сонымен қатар, адамға қажетті заттармен тікелей көмек көрсету ұтымды деген көзқарас бар, себебі, қаражат ысырапшылдықпен және орынсыз жұмсалуды мүмкін.

Қайырымдылықтың бұл түрі көбіне қала тұрғындарына тән (32,5%). 18-28 жас аралығындағы адамдар нақты адамдарға тікелей ақшалай қайырымдылық жасауға бейім (31,9%).

Жалпы, 2021 жылы қайырымдылық қызметтің барлық түрлерінің көрсеткіштері қысқаруда. Сонымен бірге, азаматтардың қайырымдылық көрсетудегі әрекетсіздігі 7,7% артқан. Мүмкін, бұл пандемиямен, яғни халықтың материалдық жағдайының күрделенуімен байланысты болар.

Негізінен 61 жастан асқан қарт (29,9%) және аяқталмаған орта білімі бар (9 сынып) (41,7%) адамдар жоғарыда айтылғандардың ешқайсысын жасамаған. Респонденттің, қайырымдылық іс-әрекеттегі басымдықтар мен себептер туралы бөлімде атап өтілгендей, материалдық жағдайы мен ақшалай садақа беруге бейімділігі арасында өзара байланыс байқалады. Мәліметтер 15 диаграммада көрсетілген.

15 диаграмма. «Төменде аталғандардың ішінде соңғы 12 айда не істедіңіз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі



Ақшалай қайыр берудегі халық белсенділігі

Табыстарды қайта бөлу, әртүрлі әлеуметтік проблемаларды қысқа жолмен және қысқа мерзімде мемлекеттік органдар жүйесінен тыс шешу функцияларын орындай отырып, қайырымдылық азаматтық қоғамның маңызды атрибуттарының біріне және құралына айналады, ол арқылы қоғам өзінің негізгі әлеуметтік және жалпыадамзаттық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Халықтың ақшалай қайыр берудегі белсенділік деңгейін өлшеу үшін зерттеу барысында респонденттерге «Сіз соңғы 12 ай ішінде төменде көрсетілгендердің қайсысына ақша жараттыңыз?» деген сұрақ қойылды. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, өткен жылы респонденттердің 28,5% **аз қамтылғандарға** көмек ретінде ақшалай қаражат жіберген. Аз қамтылғандарға, негізінен, 29-45 жастағы респонденттер (30,4%) көмектескен. Бұл ретте, ЭЖМ ҒЗУ Конъюнктуралық зерттеулер

орталығының нәтижелеріне сәйкес, азаматтардың дәл осы жас санаты (30-49 жас) коронавирустық пандемиядан ең көп зардап шеккен, яғни 43% және олардың бір бөлігі табыстарынан толық айырылған³. Демек, азаматтардың 29-45 аралығындағы санаты пандемиядан ең көп зардап шеккен және аз қамтылғандарға ең көп көмек көсеткен.

Аз қамтылған тұрғындармен тең дәрежеде балаларға, соның ішінде жетім балаларға, ауыр науқастарға және мүгедектерге (27,3%) көмек көрсетілген. Сауалнамаға жауап бергендердің бестен бір бөлігі (20,1%) көп балалы және/немесе толық емес отбасыларға қаржылай қолдау көрсетті. Респонденттердің 14,6% мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмектескен.

Соңғы 12 айда қазақстандықтар қоршаған ортаны қорғау, қайырымдылық ұйымдарына және олардың жобаларын іске асыруға қайырымдылық, есірткіге тәуелділікпен күрес, дарынды жастарды қолдауға аз қамқорлық жасады, ал 0,2% респондент ақшасын басқа да маңызды қайырымдылық мақсаттарына (табиғат құбылыстардан зардап шеккен адамдарды қолдау, оңалту орталықтары) жұмсаған.

Сондай-ақ, аталғандардың ешқайсысына ақша жұмсамаған азаматтар саны шамамен 10% артқан. Бұл ұстанымды әйелдерге (25,6%) қарағанда ер адамдар (28,6%); қалалық тұрғындарға (24,4%) қарағанда ауыл тұрғындары (30,9%); жас шамасы 61 және одан жоғары (35,6%) болатын топ; қазақтар мен басқа этникалық топтарға (тиісінше 23,4% және 31%) қарағанда орыстар (37,8%) жиі ұстанады. Өңірлік бөліністе қайырымдылықтан неғұрлым оқшауланған Қостанай облысының (85,7%), Батыс Қазақстан облысының (52,3%) тұрғындары болып табылады (6 кесте).

6 кесте. «Сіз соңғы 12 ай ішінде төменде көрсетілгендердің қайсысына ақша жараттыңыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі

	2020	2021
Аз қамтылғандарға көмек	36,9	28,5
Балаларға, соның ішінде жетім балаларға, ауыр науқастарға және мүгедектерге көмек	27,2	27,3
Көп балалы және/немесе толық емес отбасыларға қолдау	22,8	20,1
Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау	21,3	14,6
Діни ұйымға ақшалай қайырымдылық жасадық	15,5	11,4
Жануарларға көмек көрсету	7,8	7,9
Қоршаған ортаны қорғау	4,7	3,2
Қайырымдылық ұйымдарына олардың жобаларын іске асыруға қайырымдылық	6,1	2,7
Есірткіге тәуелділікпен күрес	1,3	0,9
Дарынды жастарды қолдау	2,4	0,8
Табиғат апаттарына зардап шеккен адамдарға көмек		0,1
Реабилитация орталықтарына		0,1
Аталғандардың ешқайсысына ақша жұмсамадым	17,3	27
Жауап беруге қиналамын	1,6	3,2

³ <https://www.the-village.ru/city/news/386017-postradali-molodye>

Электрондық қайыр берудегі халық белсенділігі

Цифрландыру және технологиялардың қарқынды дамуы дәуірінде қазіргі адам үшін интернет-кеңістік маңызды рөл атқарады. Адамдардың көп бөлігі әлеуметтік желілерде отыратыны – қазіргі заманның шындығы. Әлеммен іс-әрекетте болудың негізгі бөлігі телефонға сыйып кетті және өмірдің кейбір сәттерін әлеуметтік желі кеңістігінде көре аламыз. Қайырымдылық ұйымдары мен көмекке мұқтаж адамдар (ауыр науқас балаларды емдеу, көп балалы және толық емес отбасыларды қолдау және т.б.) әлеуметтік желілер мүмкіндіктерін барынша пайдалануда. Әлеуметтік желілерді пайдалану барысында көмек туралы хабарламалар (посттар) мен историяларды байқамау мүмкін емес.


Сауалнама нтижелеріне сәйкес, азаматтардың басым бөлігі мұндай хабарламаларға (посттарға) белгілі бір жағдайларға байланысты лайк басады және/немесе репост жасайды, олардың саны - 20%. Сауалнамаға қатысқандардың 18,9% хабарламаларды көргенде, міндетті түрде лайк қойып, репост жасайтынын айтады. Әлеуметтік желілердегі көмек туралы хабарламаларды көргенде Қызылорда облысының тұрғындары (50,0%) белсенді түрде лайк басады және репост жасайды.

Қазақстандықтардың 23,3% хабарламаларды көргеннен кейін іс-әрекет жасауға әрекеттенеді («Әдетте ақшамен немесе басқа мүлікпен көмектесуге тырысамын» - 12,7% және «Кейде жағдайға байланысты ақшалай көмек көрсетемін немесе өзге мүлікпен көрсетемін» - 10,6% жауап нұсқаларының қосындысы). Әлеуметтік желілерде хабарламаларды көргеннен кейін Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары (60,3%) жиі көмектесуге тырысады.

Көмек хабарламаларына ешқандай жауап қалдырмайтындардың үлесі өткен жылғы өлшеуден өзгермеген (15,7%). Күтілгендей, Қостанай облысының тұрғындары электрондық қайырымдылықтарға барынша бейжай қарайды және көмек туралы ақпаратқа ешқандай жауап қатпайды (39,7%), сондай-ақ жалпы қайырымдылыққа немқұрайлы қатынаста. Қостанай облысының тұрғындары (85,7%) қайырымдылықтан неғұрлым шеттетілгендігі туралы бұрын айтылған болатын.

Осындай хабарламаларды, посттарды 7,3% респондент көрмейді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,1% көп. Көмекке көрсету туралы ақпараттан ең көп хабарсыздар Шымкент тұрғындары болып табылады (29,0%). Әлеуметтік желілерді қолданбайтындардың саны 3,6% артты. Бұл ретте әлеуметтік желілерді қолданбайтын респонденттердің ең көп үлесі Жамбыл облысында анықталды (40,3%) (16 диаграмма).

16 диаграмма. «Әлеуметтік желілердегі көмек туралы хабарламаларға (посттарға) қалай қарайсыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %




Респонденттерге электрондық ақша арқылы қайырымдылық жасау істеріндегі белсенділік пен жиілік туралы сұрақ қойылды. Азаматтардың көпшілігі, яғни 43,2% мұқтаж адамдарға немесе қайырымдылыққа электронды ақшамен көмектеспейді, өйткені бұл – сенімсіз. Қазақстандықтардың 29,5% жағдайды байланысты қайырымдылық жасайды. Жағдайға байланысты себептер, қаржы жетіспеушілігінен бастап уақыттың жетіспеушілігіне дейін, әртүрлі болуы мүмкін.

Электрондық ақшаның пайда болуымен өмір әлдеқайда жайлы бола бастады. Электрондық ақша, әсіресе, аз мөлшерде жаппай төлем жасау кезінде пайдалы және ыңғайлы. Электрондық ақшамен төлеу процесі жылдам, кезекте тұрмайсың, қалдық ақшаны қайтарудың қажеті жоқ және ақша төлеушіден алушыға бір мезетте жетеді.

Онлайн форматта жақсылық жасау оңай және ыңғайлы, өйткені бұл көп уақытты қажет етпейді, тіпті ең аз соманы да аударуға болады. Сауалнамаға қатысушылардың 25,1% дәл осылай ойлайды (17 диаграмма).

17 диаграмма. «Сіз мұқтаж адамдарға немесе қайырымдылық ұйымдарына электрондық ақшамен қайырымдылық жасайсыз ба?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Тұрақты түрде, әр ай сайын азаматтардың 13,7% мұқтаж адамдарға немесе қайырымдылық ұйымдарына электрондық ақша аударады. Респонденттердің көпшілігі – 24,0% әр жарты жылда бір рет электрондық ақшаны қайырымдылық мақсаттарына аударуға дайын екенін айтты. Сауалнамаға жауап бергендердің 20% жылына бір рет электрондық ақша аудару арқылы қайырымдылықпен айналысуға мүмкіндігі бар. Сауалнамаға қатысушылардың 21,3% жылына бір реттен аз қайырымдылық мақсаттарына ақша аударады. Азаматтардың 8,1% шамаларына қарай онлайн аударымдармен ақшалай көмек көрсететіндерін атап өтті. Респонденттердің 1,9% қайырымдылық жасамауының бірқатар себептерін атап өтті (мүмкіндіктері жоқ, қосымшаларды қалай қолдануды білмейді немесе көмек көрсетудің осы тәсіліне сенімсіздік білдіреді) (18 диаграмма).

18 диаграмма. «Электрондық ақшаны мұқтаж адамдарға немесе қайырымдылыққа қаншалықты жиі аударасыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Үшінші тарауды қорытындылай келе, сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, қайырымдылық қызметке қатысудың ең қолайлы тәсілі заттарды, өнімдерді, тауарларды мұқтаж адамдарға беру болды (37,8%). 2020 жылы пандемияға байланысты қаражат беру қиынға соқты, сол себепті мұндай тәжірибе өте өзекті болды. Мұнда «Жылу» сияқты қазақ дәстүрінің өзіндік ерекшелігін байқауға болатын шараны айтуымызға болады, ол апат салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсетуге бағытталған. Тек туыстары ғана емес, барлық жанашырлар зардап шеккендерге көмектесуге құқылы. Қайырымдылық ретінде мал, құрылыс материалдары, киім, ақша берілуі мүмкін.

4 ТАРАУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМУДАҒЫ БИЗНЕС РӨЛІ

Қайырымдылық қызметін жеке адамдар да, ұйымдар да жүзеге асыра алады және әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлерін ынталандыруға және дамытуға бағытталады. Екі-үш жылда бір рет есептелетін Дүниежүзілік қайырымдылық индексіне (The world Giving Index) сәйкес, 2019 жылғы соңғы мәліметтер бойынша, қайырымдылық көмек қатынасы тұрғысынан Қазақстан халқы 126 әлем елінің арасында 78 орында тұр.

Сонымен, филантроптар деп атап отырған адамдар кімдер?

Әлеуметтанулық зерттеу барысында респонденттерге «Сіздің ойыңызша, қандай адамдар қайырымдылықпен жиі айналыса бастайды?» деген сұрақ қойылды. Алынған мәліметтерге сәйкес, әрбір екінші адам оны қарапайым адамдар жасайды (44,5%) деп санайды, дәл сонша адам өздері өмірде қиын жағдайға тап болған адамдар деп санайтынын атап көрсетеді; әрбір үшінші респондент филантроптарды бизнесмендер/кәсіпкерлер (35,3%) немесе діндар адамдар (31,3%) деп санаса, ал әрбір оныншы респондент мүмкіндігі шектеулі адамдар қайырымдылықпен жиі айналысады деп болжайды (9,1%) (19 диаграмма).

19 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, қандай адамдар қайырымдылықпен жиі айналыса бастайды?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



* жауаптар қосындысы 100% тең емес, себебі респондентке бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілді

«Қиын сынақтар адамдардың өзара әрекеттесуімен жақын адамына көмектесуге ұмтылысын оятады» деген пікірмен негізінен әйелдер (46,5%) және 18-28 жас аралығындағы респонденттер (48,1%) келіседі.

Күрделі өмірлік тәжірибе болашақ қызметке тікелей ықпал етеді. Бұл тарапта 2020 жылдың, яғни COVID-19 таралу жағдайы пандемия деп сипатталған кезде маңызы жоғары. Бұл қайырымдылықтың дамуына және еріктілер санының артуына себеп болды. Алайда, бүгінгі таңда қайырымдылық кең таралған әрекет емес, саналы әрекет.

Қайырымдылық жасаушылар көбіне тұрғындары миллионға жеткен қалаларда өмір сүретіні белгілі. Әрине, өзара көмек шағын қалаларда да, орта қалаларда да жиі кездеседі, бірақ миллионер қалаларда инфрақұрылым дамыған, өмір сүру деңгейі жоғары, сондықтан қайырымдылықпен айналысуға көбірек мүмкіндіктер бар. Филантроптар – ең алдымен бизнесмендер/кәсіпкерлер деген пікірді елорда (74,0%), Қостанай (73,0%) және Солтүстік Қазақстан (65,0%) облыстарының тұрғындары қолдайды (7 кесте).

7 кесте. «Сіздің ойыңызша, қандай адамдар қайырымдылықпен жиі айналыса бастайды?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі/өңірлер, %

	Мүмкіндігі шектеулі адамдар (мүгедектер)	Осындай өмірлік қиын жағдайда болған адамдар	Қарапайым адамдар	Бизнесмендер, кәсіпкерлер	Діндар адамдар	Жауап беруге қиналамын
Нұр-Сұлтан	2,7	56,2	86,3	74,0	41,1	0,0
Қостанай облысы	0,0	12,7	46,0	73,0	22,2	0,0
Солтүстік Қазақстан облысы	10,0	60,0	47,5	65,0	45,0	0,0
Батыс Қазақстан облысы	9,1	22,7	54,5	56,8	36,4	9,1
Шымкент	0,0	37,1	11,3	50,0	29,0	0,0
Алматы	8,9	52,6	51,1	38,5	40,0	3,0
Шығыс Қазақстан облысы	4,2	36,5	50,0	37,5	17,7	1,0
Жамбыл облысы	14,9	41,8	49,3	35,8	34,3	0,0
Түркістан облысы	6,4	27,3	44,5	35,5	36,4	2,7
Маңғыстау облысы	5,0	50,0	52,5	30,0	32,5	0,0
Ақтөбе облысы	5,3	28,1	42,1	21,1	17,5	15,8
Атырау облысы	2,6	36,8	52,6	21,1	15,8	5,3
Қызылорда облысы	37,5	54,2	64,6	20,8	25,0	12,5
Павлодар облысы	35,8	71,7	15,1	20,8	20,8	3,8
Қарағанды облысы	14,6	55,2	37,5	17,7	36,5	1,0
Алматы облысы	4,7	44,9	31,5	12,6	38,6	6,3
Ақмола облысы	5,9	62,7	25,5	7,8	19,6	0,0

Респонденттерге, олар келісетіндіктерін не келіспейтіндіктерін білдіруі қажет, бірқатар тұжырымдар ұсынылды.

Сұралғандардың басым бөлігінің (62,8%) пікірінше, кәсіпкерлер қайырымдылық шығындарының ашықтығын енгізуі, сондай-ақ табысының белгілі бір бөлігін қайырымдылық қызметіне (59,9%) беруі қажет. Әрбір екіншінің ойынша, егер заманауи қазақстандық компаниялар қайырымдылықпен белсенді айналысатын болса, онда бұл олардың қызметіне жүгіну үшін қосымша «плюс» болады (51,3%). Сауалнамаға қатысқандардың жартысында (50,5%) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен қайырымдылық ұғымдары сәйкес келмейді.

Сауалнамаға қатысқандардың 49,3% заңнаманың жетілмегендігін және қайырымдылықпен айналысатындар/айналысқысы келетіндер үшін

салықтық жеңілдіктер жүйесінің жоқтығын атап өтті. Қайырымдылықпен айналысатын ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының Қайырымдылық туралы Заңында салық жеңілдіктері белгіленген. Алайда бизнесмендердің айтуынша, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландырудан түсетін салық кірісін 3% көлемінде азайту құқығы қайырымдылықты «тиімсіз» етеді. Сондықтан мемлекет қайырымдылық саласында нақты заңнамалық ережелер жасауы тиіс, мысалы салықтар бойынша жалған емес, нақты жеңілдіктер беру.

Респонденттердің 60% мемлекет барлық әлеуметтік мәселелерді бизнес пен коммерциялық емес сектордың көмегінсіз жеке-дара шешуге міндетті екенін айтты (8 кесте).

8 кесте. «Төменде көрсетілген тұжырымдамалармен келісесіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	Келіспеймін	Келісемін
Бизнес өзінің қайырымдылық шығындарында айқын болуға міндетті	23,8	62,8
Барлық коммерциялық компаниялар қайырымдылық қызметіне пайданың бір бөлігін құрбан етуге міндетті	27,2	59,9
Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен бизнестің қайырымдылығы бірдей емес	22,8	50,5
Коммерциялық компанияның қайырымдылық қызметі - бұл өнімді сатып алуға немесе олардың қызметтерін пайдалануға ынталандыру	27,2	51,3
Заңнаманың жетілдірілмеуі және салықтық жеңілдіктер мен преференциялардың болмауы Қазақстанда қайырымдылықтың дамуына кедергі келтіреді	24,0	49,3
Қазақстанда қайырымдылық дәстүрі жоқ	47,3	39,3
Бірінші кезекте кіші Отанымыздың және/немесе тұратын жердің мұқтаждарына қайырымдылық жасаған жөн	20,8	64,0
Қайырымдылық ұйымдардың көпшілігіне сенуге болады	41,2	37,3
Көптеген қайырымдылық ұйымдары нәтижелерге жету үшін барынша күш жұмсайды	30,9	42,3
Мемлекет барлық әлеуметтік мәселелерді бизнес пен коммерциялық емес сектордың көмегінсіз жеке-дара шешуге міндетті	26,7	60,0
Әрбір азамат өз мүмкіндіктеріне қарай қайырымдылықпен айналысуы керек	12,9	75,7
Қайырымдылық қызметі масс-медиада жеткілікті жарияланбайды	26,7	46,4

Халықтың мемлекеттен және бизнесмендерден қайырымдылыққа қатысты не күтетінін біле отырып, респонденттер бизнес-ұйымдардағы қайырымдылық нысандарымен таныс не таныс емес екенін көрсетуге мүмкіндік алды.

Сенбіліктерді өткізу сауалнамаға жауап бергендердің 63,4% үшін қалыпты жағдай. Олардың 32,0% сенбіліктерді қолдайды, 20,1% осындай практикаға тап болған және 11,3% осы іс-шара туралы естіген.

Қазақстанда бүгінгі таңда, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің айтуынша, 2020 жылдың соңына қарай 705 мыңнан астам мүгедек өмір сүреді, оның ішінде 430 мың адам еңбекке қабілетті жаста, 181

мың зейнет жасындағылар және 94 мыңы бала.⁴ Жасыратыны жоқ, олардың көпшілігі қоғам өміріне толықтай қатыса алмайды, өйткені бейімделген инфрақұрылым жоқ: кедергісіз қозғалыс жасауына жағдайлардың болмауы, көптеген әлеуметтік нысандар мен көлік жүйесіне қол жеткізу жағдайларының жасалмауы. Бұл мүгедектердің құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіру арқылы дискриминацияны тудырады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың жабық өмір салты қоғамда бұрыннан бар проблеманы жасырады. Сауалнамаға қатысушылардың 51,1% мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастырумен белгілі бір дәрежеде таныс екенін атап өтті (қолдайтындар - 31,1%, кезіккендер - 6%, естігендер -14%).

Жоғарыда айтылғандай, коронавирустық инфекция пандемиясы еріктілер мен қайырымдылықтың өсуіне ықпал етті. Осылайша, сауалнамаға қатысқан әрбір үшінші адам (27,3%) мұқтаждар үшін бірінші қажеттіліктегі тауарларды жинауды қолдайтынын/қатысатынын мәлімдеді; респонденттердің 17,3% естіген және 12,0% осы іс-әрекетпен бетпе-бет кездіккен.

Жұмысшыларға жұмыс уақытының бір бөлігін қайырымдылыққа арнауы үшін икемді жұмыс істеу режимін орнату өте сирек жағдай, респонденттердің 46,7% мұндай жағдаймен тап болмағанын атап өтті. Мәліметтер 20 диаграммада көрсетілген.

20 диаграмма. «Сіз аталаған коммерциялық компаниялардың қызметінің қайсысымен таныссыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %




⁴ <https://primeminister.kz/ru/news/v-kazahstane-realizuetsya-nacionalnyy-plan-po-obespecheniyu-prav-i-uluchsheniyu-kachestva-zhizni-lic-s-invalidnostyu-do-2025-g-b-nurymbetov-2113943>

Қазақстанда корпоративтік қайырымдылық дәстүрлі түрде ақшалай мәнде де, қайырымдылықтың барлық секторына ықпал ету тұрғысынан да білінбейтін рөл атқарады. Әлеуметтанулық зерттеу барысында респонденттерге «Сізге «корпоративтік қайырымдылық» ұғымы таныс па?» деген сұрақ қойылды.

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі үшін (72,3%) «корпоративтік қайырымдылық» ұғымы таныс емес екені анықталды. Мәселені шешуде коммерциялық ұйымдардың кәсіби көмегі туралы 17,9% респондент осы нәрсені естіген болса, ал респонденттердің тек 9,8% біледі (21 диаграмма).

21 диаграмма. «Сізге «корпоративтік қайырымдылық» ұғымы таныс па?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Әлеуметтік инвестициялар – қазақстандық қоғам үшін салыстырмалы түрде жаңа ұғым. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын сақтау – халықаралық, сондай-ақ ірі қазақстандық жетекші компаниялардың даму стратегиясының ажырамас элементі. Әдетте, бұл кәсіпкерлер үшін бизнес-процестерін қалыптастыратын тұжырымдама ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның тұтас философиясы. Ол мүдделер балансын сақтауды және нарықтың барлық қатысушыларымен адал қатынастар құруды білдіреді. Көп компаниялар тұрақты даму негізгі әлеуметтік құндылықтармен тығыз байланысты екенін түсініп жатыр. Қазақстандық жағдайда корпоративтік филантропия мемлекеттік филантропиямен тығыз байланысты және дәстүрлі сипатқа ие. Сондықтан, әлеуметтік маңызы бар қайырымдылық қызметті жүзеге асыратын негізгі әлеуметтік институттардың бірі – мемлекет атынан қызмет ететін жергілікті корпоративтік қайырымдылық қорлары.

Әлеуметтанулық зерттеу корпоративтік қайырымдылық туралы түсінігі бар екендігі туралы хабардар еткендердің ішінде Қызылорда (60,5%), Солтүстік Қазақстан (47,5%) облыстары мен Шымкент қаласының (45,2%) тұрғындары басым екенін көрсетті (9 кесте).

9 кесте. «Сізге «корпоративтік қайырымдылық» ұғымы таныс па?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, өңірлер бөлінісінде, %

	Иә, таныс	Естігенім бар	Оң жауаптардың қосындысы	Жоқ, таныс емес
Қызылорда облысы	4,2	56,3	60,5	39,6
Солтүстік Қазақстан облысы	22,5	25,0	47,5	52,5
Шымкент	8,1	37,1	45,2	54,8
Шығыс Қазақстан облысы	11,5	26,0	37,5	62,5

Ақтөбе облысы	8,8	28,1	36,9	63,2
Қарағанды облысы	19,8	14,6	34,4	65,6
Алматы	8,1	25,2	33,3	66,7
Батыс Қазақстан облысы	6,8	20,5	27,3	72,7
Жамбыл облысы	22,4	4,5	26,9	73,1
Павлодар облысы	9,4	17,0	26,4	73,6
Түркістан облысы	12,7	11,8	24,5	75,5
Атырау облысы	23,7	0,0	23,7	76,3
Ақмола облысы	5,9	13,7	19,6	80,4
Маңғыстау облысы	5,0	12,5	17,5	82,5
Алматы облысы	3,1	14,2	-	82,7
Нұр-Сұлтан	1,4	1,4	-	97,3
Қостанай облысы	0,0	1,6	-	98,4

Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық шындықта корпоративтік филантропия мемлекеттік филантропиямен тығыз байланысты. Мысалы, көптеген облыстарда өңірлік деңгейде жергілікті атқарушы органдар қадағалайтын корпоративтік қайырымдылық қорлары бар. Батыс елдерінде мемлекеттің әлеуметтік салаға араласуы шектеулі болғандықтан корпоративтік қайырымдылық белсенді емес. Қазақстанда негізінен бизнес-құрылымдар қайырымдылық қызметтің дамуына ықпал етеді.


Әлеуметтанулық зерттеу барысында респонденттерге: «Қайырымдылық қызметпен айналысатын қазақстандық қандай ірі компанияларды білесіз?» деген сұрақ қойылды. Аталған рейтингтегі үздік үштікке кіргендер:

- М.Ломтадзе басшылық ететін **«Kaspi Bank» АҚ (17,4%)**, ол банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында атқарылған жұмыстар туралы мәлімдейді. Коронавирустық инфекция пандемиясымен күреске Kaspi.kz компаниясы 100 жедел жәрдем көлігін сыйға тартты. Сонымен қатар, Банк Басқармасының Төрағасы Михаил Ломтадзе және директорлар кеңесінің төрағасы, акционер Вячеслав Ким «Аутизмді жеңеміз», «Аналар үйі» және «Өз бизнесінді құр» конкурстары сияқты жобаларды қолдайды.
- **«Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры (16,7%)**. Қордың қайырымдылыққа деген көзқарасы атаулы көмек көрсетуден бас тарту және өңірлердегі әлеуметтік инвестицияларға көшу болып табылады.
- **VI Group (12,3%)**. Компания пандемиядан зардап шеккен қазақстандықтарға көмек көрсетеді. Орташа ауыр науқастарды тәулік бойы орналастыру үшін Алматыда ашылған провизорлық COVID-орталық тегін жұмыс істейді. Сонымен қатар, ай сайын «Туған күн» жобасы аясында VI Group қызметкерлері сыйлықтармен Нұр-Сұлтан, Алматы, Қапшағай, Қостанай, Петропавл, Павлодар қалаларындағы және Ақмола облысының Урюпинка ауылындағы балалар үйлеріне барады.

Жоғарыда аталған қазақстандық компаниялардан басқа сауалнамаға қатысушылар Қазақстан Халық Банкі (9,9%), «Атамекен» ҰКП (8,3%), ERG Еуразиялық тобы (5,4%), Beeline ұялы байланыс операторы (3,8%) сияқты ұйымдарды атады. Алайда, респонденттердің көбі, яғни 56,8% «елдегі ірі компаниялардың қайырымдылық қызметпен айналысатынын білмедім» деп атап өтті. Бұл қазақстандық компаниялардың қайырымдылық қызметінің БАҚ пен әлеуметтік желілерде жариялануының төмен екенін көрсетеді (22 диаграмма).

2020 жылы ҚҚДИ жүргізген басқа әлеуметтанулық сауалнаманың («Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігі») нәтижелері сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың жартысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға бизнес-құрылымдардың қатысуын оң бағалайтынын (50,0%) көрсетеді.

22 диаграмма. «Қайырымдылық қызметпен айналысатын қазақстандық қандай ірі компанияларды білесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Әлеуметтанулық зерттеудің міндеттері бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ояту шараларын анықтауды қамтиды. Қоғамда қайырымдылықтың өсуі үшін қандай шараларды қолдану керектігін түсіну өте маңызды. Ол үшін респонденттерге: «Сіздің ойыңызша, қайырымдылықтың корпоративтік мәдениетін қалай тиімді құруға болады?» сұрағын қойған болатынбыз. Сауалнамаға қатысушыларға бірқатар шаралар ұсынылды, өз шараларын ұсыну мүмкіндігі мен олардың ішінде ең тиімдісін бөліп көрсетуі керек болды. Респонденттер ұсынған шаралардан –

қайырымдылық қорларында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу. Ашықтық мәселесі және түпкілікті нәтижені көрмеу қазақстандықтарды әрдайым алаңдатады, ал қайырымдылық қызметі жағдайында бұл мәселе өткір сипатқа ие болады. Адамдарға қандай мақсаттарға қаражат бөліп жатқандығын білу маңызды.

Ұсынылған шешімдердің ішінен қазақстандықтар қызметкерлерді қайырымдылық қызметке тарту үшін, сондай-ақ ұжымды біріктіру үшін қайырымдылық жобаларын құру деген жауапты таңдап отыр – 32,2%.

Респонденттер ұйымның өз қызметкерлерінің атынан қайырымдылық жарналарға қаражат бөлуі қайырымдылық мәдениетін дамытуға көмектеседі деп санайды (26,5%).

Өз қызметкерлерін қайырымдылық қызметі үшін демалыс беру түріндегі филантропияны көтермелеу қайырымдылық қызметтің өсуіне түрткі болады, яғни әрбір бесінші жауап беруші (20,8%) осы пікірмен келіседі. Респонденттердің 17,2% өндіруші компаниялардың мұқтаж жандарға тауар түріндегі көмек көрсетуімен келіседі. Компанияның мұқтаж адамдарға көрсететін қызметтерін тегін негізде ұсынуды 14,8% қолдады.

Сауалнамаға қатысқандардың 11,1% кәсіпкерлер қайырымдылық қызметіне үнемі қатысу үшін қайырымдылық қорларымен біріге жұмыс жасауы керек деп есептейді. Сұралған қазақстандықтардың тек 9,0% ғана корпоративтік қайырымдылық компания имиджін қалыптастырудың құралы рөлін атқаратынын атап өтті (10 кесте).

10 кесте. «Сіздің ойыңызша, қайырымдылықтың корпоративтік мәдениетін қалай тиімді құруға болады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Қызметкерлерді қайырымдылық қызметке тарту үшін, сондай-ақ ұжымды біріктіру үшін қайырымдылық жобаларын құру	32,2
Қызметкерлерінің атынан қайырымдылық жарналарға қаражат бөлу, оларға осы процеске қатысуға мүмкіндік беру, бұл қызметкерлерге қайырымдылық мәдениетін дамыта отырып, өздері қалаған салаларда қайырымдылық жасауға мүмкіндік береді	26,5
Өз қызметкерлерін қайырымдылық қызметі үшін ынталандыру, оларға осындай қызмет үшін демалыс беру	20,8
Өндіруші компаниялар мен дистрибьюторлардан мұқтаждарға тауарлық көмек	17,2
Кейбір кәсіби қызметтерді ақысыз негізде ұсыну	14,8
Ұйымдарға қайырымдылық қызметіне тұрақты түрде тарту үшін қайырымдылық қорларымен ынтымақтасу	11,1
Корпоративтік қайырымдылық беделді қалыптастырудың құралы ретінде ғана әрекет етеді деп санаймын	9,0
Жауап беруге киналамын	6,9
Қайырымдылық қорларында жемқорлыққа жол бермеу	0,3

Осылайша, ынталандыру және көтермелеу шараларын қолдану қайырымдылық қызметтің дамуына және оның ауқымына оң ықпал етеді деп болжауға негіз бар. Әрине, Қазақстанда осы бағытта жұмыстар жүргізіліп жатқанын және белгілі бір нәтижелер бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ даму барысында тоқтап қалмау керек, өйткені мемлекет әлеуметтік мәселелерді айтарлықтай бюджеттік шығындарсыз шешуге мүмкіндік алады.

5 ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНА СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ


Шартты түрде Қазақстандағы қайырымдылық ұйымдары әлеуметтік жобаларға, оның әртүрлі санаттарындағы балаларға көмек көрсетуге, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетуге, денсаулық сақтау, мәдениет және білім беруді қолдауға, мұқтаж адамдарға құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетуге, жалғыз қалған қарт адамдарға көмек көрсетуге, жануарларға көмек көрсетуге және қайырымдылықты дамытуға байланысты бөлінеді.

Көбіне адамдар қайырымдылық ұйымдарына сенбейді, бұл біздің еліміздің ерекшелігі және ұйымдарға деген сеніміміздің жоқтығы, өйткені олар алдауы мүмкін, яғни осындай теріс тәжірибе бар. Барлық ұйымдар, қорлар, жобалар қаражаттың қайда жұмсалғаны туралы есептерді жарияламайды. Қайырымдылықты ақшаны жасырумен және алаяқтықпен байланыстыратын адамдар бар.

Респонденттерге «Сіз қайырымдылық ұйымдарына сенесіз бе?» деген сұрақ қойылды. 25 диаграммаға сәйкес қазақстандықтар тарапынан қайырымдылық ұйымдарына деген сенім деңгейі өткен жылмен салыстырғанда біршама төмендеген. Сонымен қатар, «иә, сенемін» - 17,0% және «сенемін деуге болады» - 30,2% жауап нұсқаларының қосындысы жартысынан шамалы ғана аз, атап айтқанда 47,2% респондент қайырымдылық ұйымдарына сенім білдіреді деп айтуға мүмкіндік береді. Өткен жылы бұл көрсеткіш 58,1% құраған еді.

Әрбір бесінші респондент (24,8%) қайырымдылық ұйымдарына «сенбеймін деуге болады» жауабын таңдады. Сауалнамаға қатысушылардың 15,9% нақты сенімсіздік білдірді. Өткен жылдан бері «маған бәрібір» деп жауап бергендердің саны 1% қысқарды. Алайда, қайырымдылық ұйымдарына сенетіндеріне не сенбейтіндеріне «жауап беруге қиналғандардың» үлесі шамамен 1% артқан. Сондай-ақ, қайырымдылық ұйымдарының белгілі бір бөлігіне не белгілі бір ұйымға ғана (0,3%) сенім артатыны туралы пікір пайда болды (23 диаграмма).

23 диаграмма. «Сіз қайырымдылық ұйымдарына сенесіз бе?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Ауыл тұрғындары қалалықтарға қарағанда қайырымдылық ұйымдарына 10% көп сенім білдіреді. Ауылдық респонденттер 53,7% («иә, сенемін» - 22,8% және «сенемін деуге болады» - 30,9% нұсқаларының қосындысы) қалалық

респонденттер 42,9% («иә, сенемін» - 13,2% және «сенемін деуге болады» - 29,7% нұсқаларының қосындысы) сенеді. Қайырымдылық ұйымдарына 18-28 жас аралығындағы жастардың сенім деңгейі жоғары (54,4%). Қайырымдылық ұйымдарына 47,2% ер адам, ал 47,1% әйел, яғни тең дәрежеде сенеді. Этникалық бөлініске сәйкес қазақтар көбірек сенім артады – 51,1%. Тиісінше, дін бойынша Ислам дінін ұстанушылар арасында сенім деңгейі жоғары – 49,7%. Аяқталмаған жоғары білімі және дипломы бар респонденттер арасында сенім көрсеткіштері ең жоғары (тиісінше 54,5% және 51,5%).

Өңірлік бөліністе Атырау облысының (39,5%), Шымкент қаласының (30,6%) және Түркістан облысының (29,1%) тұрғындары қайырымдылық ұйымдарына нық сенім білдіреді. Өткен жылы Қостанай облысы тұрғындарының сенім деңгейі ең жоғары (42,2%) болып еді. 2021 жылы бұл көрсеткіш нөлге дейін төмендеді, тек 3,2% «сенемін деуге болады» деп жауап берді. Қайырымдылық ұйымдарына «сенемін деуге болады» деген жауап нұсқасын Түркістан (47,3%), Батыс Қазақстан (40,9%) және Ақмола (39,2%) облыстарында жиі таңдаған. Осылайша, Түркістан облысы – еліміздің ең «сенгіш» өңірі (11 кесте).

11 кесте. «Сіз қайырымдылық ұйымдарына сенесіз бе?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі өңірлер бөлінісінде, %*

	Иә, сенемін	Сенемін деуге болады	Сенбеймін деуге болады	Жоқ, сенбеймін	Маған бәрібір
Ақмола облысы	23,5	39,2	21,6	5,9	3,9
Ақтөбе облысы	15,8	15,8	29,8	21,1	7,0
Алматы облысы	18,1	30,7	19,7	12,6	11,0
Атырау облысы	39,5	28,9	18,4	7,9	2,6
Батыс Қазақстан облысы	13,6	40,9	11,4	20,5	9,1
Жамбыл облысы	4,5	32,8	17,9	22,4	19,4
Қарағанды облысы	17,7	35,4	30,2	11,5	5,2
Қостанай облысы	0,0	3,2	60,3	34,9	1,6
Қызылорда облысы	2,1	25,0	37,5	14,6	0,0
Маңғыстау облысы	5,0	22,5	25,0	20,0	17,5
Түркістан облысы	29,1	47,3	11,8	7,3	4,5
Павлодар облысы	17,0	24,5	17,0	15,1	1,9
Солтүстік Қазақстан облысы	17,5	25,0	32,5	2,5	22,5
Шығыс Қазақстан облысы	28,1	34,4	27,1	8,3	1,0
Нұр-Сұлтан	1,4	35,6	16,4	31,5	0,0
Алматы	15,6	22,2	25,2	25,9	5,9
Шымкент	30,6	35,5	29,0	3,2	1,6

**Мәліметтер «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасынсыз ұсынылып отыр*

«Сіз қайырымдылық ұйымдарына ақша аударар ма едіңіз?» сұрағының нәтижелері қайырымдылық ұйымдарына сенім деңгейі бойынша көрсеткіштермен салыстырмалы түрде парадоксалды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жартысына жуығы «иә, сенемін» немесе «сенемін деуге болады» деген жауапты таңдаған, яғни 47,2% құрайды. Дегенмен,

қатысушылардың көпшілігі «Жоқ, қаражатты мұқтаж адамдардың қолына өзім бергенім жақсы» деген – 51,6%. Басқаша айтқанда, қазақстандықтар негізінен қайырымдылық ұйымдарына сенеді, бірақ ақша аудармайды.

2020 жылдың тамыз айында Atameken Business сауалнама жүргізіп, оның нәтижелеріне сәйкес респонденттердің 77% Қазақстанның қайырымдылық ұйымдарына сенбеген. Қазақстандықтардың жартысынан астамы мұқтаж адамдарға көмектесуге немесе қаражат бөлуге дайын, бірақ бұл ретте біздің аз ғана бөлігіміз сөзден іске көшеді⁵.

15,7% респондент «Жоқ, мен ұйымға ақшаны тіпті жібермес едім» деген ұстанымды ұстанады. Мұндай пайыздық көрсеткіш қайырымдылыққа «сенбеймін» деп атап өткен респонденттердің 15,9% сәйкес келеді.

Сауалнамаға жауап бергендердің 26,5% ақшалай қаражатты қайырымдылық ұйымдарына аударатынын айтады («иә, ұйым көмекті қайда жіберу керектігін жақсы біледі» - 14,9% және «иә, мен солай істеймін» - 11,6% жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші). Сауалнамаға жауап берушілердің 5,7% жауап беруге қиналған (24 диаграмма).

24 диаграмма. «Сіз қайырымдылық ұйымдарына ақша аударар ма едіңіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі



Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша ешқандай айырмашылық байқалмады.

Өңірлік бөлініс бойынша мұқтаж адамдардың жеке өз қолына ақша беруді жөн көретіндердің көпшілігі Шымкент қаласының – 77,4%, Нұр-Сұлтан қаласының – 74% және Қостанай облысының – 63,5% тұрғындары екені анықталды.

Батыс Қазақстан – 43,2%, Қостанай – 36,5% және Солтүстік Қазақстан – 35% облыстарының тұрғындары ұйымдарға ақша аударуға қарсылық білдірді.

⁵ <https://the-steppe.com/obshchestvo/ostraya-neobhodimost-ili-pustoy-hayp-o-kollektivnoy-blagotvoritelnosti-i-zapuske-prilozheniya-tooba-v-kazahstane>

Сауалнамаға қатысқан Атырау облысының – 31,6%, Түркістан облысының – 28,2% және Қызылорда облысының – 25% тұрғындары қайырымдылық ұйымдарына ақша аударатындарын атап өтті. Сонымен қатар, бірқатар облыстар ұйымдарға ақша аударуға дайын екендіктерін атап өтті. Олар Ақмола – 29,4%, Солтүстік Қазақстан – 27,5% және Павлодар – 26,4% облыстарының тұрғындары (12 кесте).

12 кесте. «Сіз қайырымдылық ұйымдарына ақша аударар ма едіңіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, өңірлер бөлінісінде, %

	Иә, мен солай істеймін	Иә, ұйымдар көмекті қайда жіберу керектігін жақсы біледі	Жоқ, қаражатты мұқтаж адамдардың қолына өзін бергенім жақсы	Жоқ, ұйымға ақшаны тіпті жібермес едім	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	7,8	29,4	49,0	3,9	9,8
Ақмола облысы	8,8	17,5	47,4	10,5	7,0
Алматы облысы	11,8	12,6	56,7	14,2	4,7
Атырау облысы	31,6	15,8	18,4	31,6	2,6
Батыс-Қазақстан облысы	9,1	9,1	27,3	43,2	9,1
Жамбыл облысы	1,5	10,4	55,2	32,8	0,0
Қарағанды облысы	17,7	18,8	56,3	6,3	1,0
Қостанай облысы	0,0	0,0	63,5	36,5	0,0
Қызылорда облысы	25,0	14,6	18,8	10,4	31,3
Маңғыстау облысы	10,0	2,5	52,5	12,5	22,5
Түркістан облысы	28,2	24,5	42,7	4,5	0,0
Павлодар облысы	13,2	26,4	26,4	17,0	17,0
Солтүстік Қазақстан облысы	0,0	27,5	37,5	35,0	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	14,6	18,8	57,3	4,2	4,2
Нұр-Сұлтан	2,7	8,2	74,0	9,6	5,5
Алматы	5,2	9,6	60,7	20,0	4,4
Шымкент	6,5	9,7	77,4	6,5	0,0

Осылайша, Қостанай облысының тұрғындары 2021 жылы қайырымдылық ұйымдарына өздерінің нық сенімсіздіктерін білдіріп, ақшалай қаражатты аудармайтындарына берік. Жоғарыда қайырымдылық ұйымдарына сенім деңгейі бойынша өткен жылы көшбасшы болған Қостанай облысы (42,2%) қайырымдылық ұйымдарына сенімін жоғалтқаны туралы мәліметтер келтірілген. Мұны келесі жаңалықпен түсіндіруге тырысуға болады.

Жаңалықтарға сәйкес, соңғы екі жылда Қостанай облысында автобустарда тасымалданатын қорантары бар жастар жүреді және балаларды емдеуге ақша жинайды. Жергілікті тұрғындар бұл акцияға күмәнмен қарады, бұл алаяқтар болуы мүмкін және адресатқа ақша түспейді деп болжаған болатын⁶.

⁶ <https://kstnews.kz/news/society/item-62468>

Түркістан облысының тұрғындары қайырымдылық ұйымдарына барынша оң көзқарас білдірді. Сенімнің ең жоғары деңгейі – 76,4% («иә, сенемін» - 29,1% және «сенемін деуге болады» - 47,3% жауаптарының қосындысы), ұйымдарға қаражат аударуға дайындықтың жоғары көрсеткіштері (28,2%) және ұйымның осы қаражатты қалай жұмсайтындығына сенім (24,5%) (13 кесте).

13 кесте. Қайырымдылық ұйымдарына сенімділік пен ақша аударуға дайын екендіктің салыстырмалы кестесі, өңірлер бөлінісінде, %

	«Сіз қайырымдылық ұйымдарына сенесіз бе?» сұрағы		«Сіз қайырымдылық ұйымдарына ақша аударар ма едіңіз?» сұрағы	
	Иә, сенемін	Сенемін деуге болады	Иә, мен солай істеймін	Иә, ұйымдар көмекті қайда жіберу керектігін жақсы біледі
Ақмола облысы	23,5	39,2	7,8	29,4
Ақмола облысы	15,8	15,8	8,8	17,5
Алматы облысы	18,1	30,7	11,8	12,6
Атырау облысы	39,5	28,9	31,6	15,8
Батыс-Қазақстан облысы	13,6	40,9	9,1	9,1
Жамбыл облысы	4,5	32,8	1,5	10,4
Қарағанды облысы	17,7	35,4	17,7	18,8
Қостанай облысы	0,0	3,2	0,0	0,0
Қызылорда облысы	2,1	25,0	25,0	14,6
Маңғыстау облысы	5,0	22,5	10,0	2,5
Түркістан облысы	29,1	47,3	28,2	24,5
Павлодар облысы	17,0	24,5	13,2	26,4
Солтүстік Қазақстан облысы	17,5	25,0	0,0	27,5
Шығыс Қазақстан облысы	28,1	34,4	14,6	18,8
Нұр-Сұлтан	1,4	35,6	2,7	8,2
Алматы	15,6	22,2	5,2	9,6
Шымкент	30,6	35,5	6,5	9,7

Қазақстандықтардың қайырымдылық ұйымдарына ақша аударуға ниет білдірмеуінің негізгі себептерін қарастырайық. Қайырымдылық ұйымдарының кең таралған мәселесі – ұйымның өзі туралы емес, оның бағыты, ерекшелігі, мақсатты аудиториясы туралы халықтың хабардар болуының төмен деңгейі. Осылайша, респонденттердің 40,8% ұйымға ақша аудармайды, өйткені «қайырымдылық ұйымдарының қызметімен аз таныс». Сонымен бірге, респонденттердің 4,5% қайырымдылық ұйымдарының белсенді жарнамасы олардың сенімсіздігін көрсетеді деген қарама-қайшы пікір білдірді. Қайырымдылық ұйымдарының қызметі туралы аз хабардар болу, жалпы алғанда «ұйымдар тек ірі қайырымдылықтарға ғана талпынады» деген пікірді қалыптастыруға ықпал етеді деп болжауға болады, мұндай қазақстандықтар 9,2% құрайды.

Әйелдерге қарағанда ер адамдар ұйымдар қызметі туралы көбірек біледі (тиісінше 38,8% және 42,5%). Ауыл тұрғындары бұл себепті қалалықтарға қарағанда жиі атайды (сәйкесінше 43,0% және 39,3%).

Қостанай облысы тұрғындарының негізгі бөлігі, қайырымдылық ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты білмейді және осының әсерінен респондент қаражат аудармайды – 82,5%. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысы – 59,4% және Қарағанды облысы – 56,3% респонденттері «қайырымдылық ұйымдарының қызметімен аз таныс».

Ұйымдар арқылы қайырымдылықпен айналысудан бас тартудың екінші маңызды себебі – «ұйымдардың қызметі жеткілікті түрде ашық емес» болуы – 21,7%. *Бұл проблема елде тек қайырымдылық қызметімен байланысты ғана өткір емес. OpenBudget.kz ашық бюджет порталын жасаушылар TALAP қолданбалы зерттеулер орталығы сарапшыларының пікірінше, ашықтық кез-келген іс-әрекеттің маңызды шарты болып табылады, ол адамдарда мемлекет немесе ұйым өз азаматтарын қорғауға қабілетті деген сенімді қалыптастырады*⁷.

Осылайша, респонденттердің 14,4% «Әдетте, ұйымға сыйға тартылған ақшаның бір бөлігі түпкілікті адресатқа жетпейді, делдалдардың қалтасында қалады» деп ойлайды.

*Қазақстанда алаяқтық фактісі бар екені даусыз. Мысалы, бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин алаяқтар оның «ДОМ» қоры қызметкерлерінің куәліктерін қолдан жасап, кеңселерге барып, балаларды емдеу үшін ақша жинайтынын айтты*⁸.

Респонденттердің төрттен бір бөлігі (19,3%) ұйымға емес, белгілі бір адамға ақша беруді жөн көреді, өйткені ол арқылы моральдық қанағаттануды сезінеді.

Респонденттердің 8% қайырымдылық ұйымдарына сенеді және оларға ақша аударады. Сауалнамаға қатысушылардың 8,5% жауап беруге қиналды. Мәліметтер 25 диаграммада көрсетілген.

25 диаграмма. ««Мен қайырымдылық ұйымына АҚША АУДАРМАЙТЫН шығармын, өйткені ...» деген сөйлемді жалғастырыңыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



⁷ <https://atameken.kz/ru/articles/36026-novyj-portal-po-prozrachnosti-byudzhetu-prezentovali-v-kazahstane>


⁸ <https://the-steppe.com/obshestvo/ostraya-neobhodimost-ili-pustoy-hayp-o-kollektivnoy-blagotvoritelnosti-i-zapuske-prilozheniya-tooba-v-kazahstane>

Азаматтардың қайырымдылық ұйымдарының қызметіне қатысуы

Қазақстандықтардың қайырымдылық ұйымдарының қызметіне қатысу деңгейі өте төмен. Осылайша, респонденттердің 9,5% қызметкер, волонтер ретінде қатысқандарын атап өтті. Ұйымдардан көмек алғандардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда екі есе азайғанын көре аламыз (2020 жылы - 5,2%, 2021 жылы - 2,8%).

«Қайырымдылық ұйымдарымен жеке өз практикасында кездеспегендердің, бірақ олардың жұмысын көргендердің» көрсеткіші 7% дерлік өскен (2020 жылы - 18,0%, 2021 жылы - 24,9%). Алайда, сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі (60,0%) қайырымдылық ұйымдарымен «жоқ, мен кездеспедім» деп айтты. Қайырымдылық ұйымдарының қызметін танымал ету қажеттілігі немесе қайырымдылық процестеріне ынталандыру және тарту үшін тиімді құралдар керектігі тағы да сезіледі (26 диаграмма).

26 диаграмма. «Сіз қайырымдылық ұйымдарымен кезіктіңіз бе?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Өңірлік бөліністе Қостанай облысының сауалнамаға жауап берген тұрғындарының абсолютті саны (100%) қайырымдылық ұйымдарымен «жоқ, мен кездеспедім» деп сендіреді. Сондай-ақ, Жамбыл облысының – 92,5%, республикалық маңызы бар Шымкент және Нұр-Сұлтан қалаларының тұрғындары (тиісінше 83,9% және 76,7%) қайырымдылық ұйымдарымен өзара әрекеттеспеген.

Қайырымдылық ұйымдарынан ең көп көмек алғандар Атырау облысы - 15,8% және Қызылорда облысы - 12,5% тұрғындары (14 кесте).

14 кесте. «Сіз қайырымдылық ұйымдарымен кезіктіңіз бе?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, өңірлер бөлінісінде, %

	Иә, мен олардан көмек алдым	Иә, олардың қызметіне қатыстым	Жеке өзіме кездеспеді, бірақ олардың жұмысын көрдім	Жоқ, мен кездеспедім	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	0,0	0,0	21,6	72,5	5,9
Ақмола облысы	1,8	5,3	35,1	52,6	5,3
Алматы облысы	2,4	11,8	24,4	58,3	3,1
Атырау облысы	15,8	7,9	10,5	65,8	0,0
Батыс-Қазақстан облысы	0,0	25,0	40,9	34,1	0,0
Жамбыл облысы	0,0	0,0	7,5	92,5	0,0
Қарағанды облысы	5,2	16,7	18,8	59,4	0,0
Қостанай облысы	0,0	0,0	0,0	100,0	0,0
Қызылорда облысы	12,5	12,5	20,8	33,3	20,8
Маңғыстау облысы	0,0	5,0	25,0	70,0	0,0
Түркістан облысы	4,5	20,9	40,9	33,6	0,0
Павлодар облысы	1,9	15,1	18,9	62,3	1,9
Солтүстік Қазақстан облысы	0,0	22,5	10,0	67,5	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	1,0	8,3	38,5	49	3,1
Нұр-Сұлтан	5,5	2,7	4,1	76,7	11,0
Алматы	1,5	5,2	47,4	45,2	0,7
Шымкент	0,0	1,6	14,5	83,9	0,0

Қайырымдылықтың ажырамас бөлігі – филантропиямен айналысатын ұйымдар, компаниялар мен қорлар. Қайырымдылық ұйымдарының маңызды рөлі – олар проблеманы бәрінен бұрын анықтап, мемлекетке тексерілген әдіс пен тиімді шешімдерді ұсынады. Тағы бір мәселе, қазақстандықтардың қайырымдылық ұйымдарымен қаншалықты таныс екендігін анықтау.

2021 жылы өткен жылмен салыстырғанда азаматтар арасындағы қайырымдылық ұйымдарының үздік үштігі өз позициясын өзгертті. 2021 жылы танымал ұйымдар: Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин басшылығымен «Мейірім» ерікті қоғамы - 29,1%, Дариға Назарбаеваның басшылығымен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры - 18,3% және жаңа позиция – Қазақстанның Қызыл жарты айы - 17,4%.

Сүлейменова Айдана Төлеутайқызының басшылығымен «АЯЛА» қорының танымалдылығы өткен жылдан бастап 6,3% төмендеді (2020 жылы - 16,1%, 2021 жылы - 9,8%).

Көшбасшылықтағы осы үштіктің танымалдылығы құрылтайшыларының қазақстандықтар арасында танымал болуымен байланысты, өйткені олар елдің саяси өміріндегі маңызды тұлғалар болып табылады.

Дегенмен қазақстандық қайырымдылық жасаушылар VI Group компаниясының қайырымдылық қоры «VI-Жұлдызай» - 5,5%, «СӘБИ» жеке қайырымдылық қоры – Әсел Иманғалиқызы Тасмағамбетова – 5,2%, «ДАРА» қоры – Айнұр Аймұрзина – 4%, «БОТА» қоры – Махамбет Абжан –

3,9%, Болат Өтемұратов қоры – 3,1%, «Бауыржан» қоры – Омарбекова Жұлдыз Қажыкенқызы – 2,3% сияқты ұйымдардың қызметі туралы ақпараттануы төмен (15 кесте).

Бүкіл қайырымдылық институтына нашар репутацияны тек грант алу кезінде жұмыс істейтін және ашылатын көп үкіметтік емес ұйымдар қалыптастырды. Грантты жүзеге асырғаннан кейін, олардың жұмысы аяқталады. Барлық қорлар ашық ұйымдар емес. «Бауыржан» қоғамдық қорының сияқты жақсы мысалдар келтіруге болады. Ол 2004 жылы құрылған және қайырымдылық ҮЕҰ мен меценаттардың жұмысын қолдайды. Жыл сайын меценаттарға бағытталған «Алтын Жүрек» сыйлығын және «Қазақстандағы қайырымдылық» конференциясын өткізеді. Қор жыл сайын үш ғылыми-практикалық конференция өткізеді, онда қайырымдылық саласындағы проблемалар зерттеледі. «Мейірім» ерікті қоғамы» қорының негізі 2006 жылы қаланған. Қор жобаларының бірі – Қазақстанда емделмейтін аурулардан зардап шегетін балаларды емдеуге қаражат жинау бойынша «Балаларға өмір сыйла» акциясы. Көмектескісі келетіндер үшін бірнеше жол ұсынылады: онлайн-қайыр беру, SMS жіберу, сонымен қатар банк реквизиттері ұсынылады. Бүгінгі таңда «Мейірім» ерікті қоғамы» 388 балаға операция жасауға қаражат жинады және бұл сан күн сайын өсіп келеді⁹.

Зерттеуге қатысушылардың көпшілігі ұсынылған ұйымдардың ешқайсысымен таныс емес – 39,1%. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,5% көп.

15 кесте. Қайырымдылық ұйымдарының рейтингі, %

	2020	2021
Аталған қорлардың ешқайсысын білмеймін	30,6	39,1
«Мейірім» ерікті қоғамы - Аружан Саин	27,0	29,1
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаева қоры	32,3	18,3
Қазақстанның Қызыл Жарты Айы	-	17,4
«АЯЛА» қоры - Сулейменова Айдан Тулеутайқызы	16,1	9,8
«Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры» қоғамдық қоры	11,3	8,0
«Халық» қайырымдылық қоры	-	6,9
VI Group компаниясының қайырымдылық қоры - «VI-Жұлдызай»	6,5	5,5
«СӨБИ» жеке қайырымдылық қоры - Тасмағамбетова Асель Иманғалиқызы	8,9	5,2
Жауап беруге қиналамын	7,2	4,9
«ДАРА» қоры - Айнұр Аймурзина	4,9	4,0
«БОТА» қоры - Махамбет Абжан	9,7	3,9
Болат Өтемұратовтың қоры	5,5	3,1
Другое ("Айдың нұры" қоры, "Сауа" қоры, Харекет қоры, "Қояншы-Дәулет-Таңай" қоры, "Үміт шуағы" қоры, "Исхан" қоры, БО "Еділ, "Asar-ume" қоры, "Атырау Рауан" ҚҚ, "Камкор" қоры, "Бөбек" қоры, "Солнечный Уральск" қоры, "Аялаған алақан" қоры, "Ана-Мама" қоры, "Нұр Әлем" қоры, "Клуб добряков Павлодар" қоры)	0,9 (басқа тізім)	3,1
Сорос-Қазақстан қоры (ФСК) - Аида Айдарқұлова	4,9	2,5%
«Бауыржан» қоры - Омарбекова Жұлдыз Қажыкенқызы	5,1	2,3%

⁹ https://forbes.kz/life/view/pomosch_po_veleniyu_dush

Өңірлік бөліністе «Аталған ұйымдардың ешқайсысын білмеймін» нұсқасын Қостанай облысы тұрғындарының басым көпшілігін (100,0%) атап өтті. Қызылорда облысы тұрғындарының жартысынан көбі, атап айтқанда 60,4% қандай да бір қайырымдылық ұйымдарымен таныс емес. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласында сұралғандардың 52,2% ұсынылған ұйымдар тізімімен таныс емес (16 кесте).

16 кесте. «Сіз қандай қайырымдылық ұйымдарын білесіз?» сұрағына «Аталған қорлардың ешқайсысын білмеймін» жауап нұсқасының бөлінуі, өңірлер бөлінісінде, %

	%
Ақмола облысы	37,3
Ақмола облысы	26,3
Алматы облысы	38,1
Атырау облысы	28,9
Батыс-Қазақстан облысы	45,5
Жамбыл облысы	43,3
Қарағанды облысы	45,8
Қостанай облысы	100,0
Қызылорда облысы	60,4
Маңғыстау облысы	32,5
Түркістан облысы	31,8
Павлодар облысы	32,1
Солтүстік Қазақстан облысы	27,5
Шығыс Қазақстан облысы	21,9
Нұр-Сұлтан	52,2
Алматы	28,9
Шымкент	27,4

Осылайша, осы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандықтардың қайырымдылық ұйымдарымен өзара іс-қимылының ең төменгі деңгейіне қарамастан қазақстандықтардың арасында азаматтардың қайырымдылық қызметке жеке қатысуының жеткілікті жоғары деңгейі байқалады («мұқтаж адамдарға қаражатты жеке өзім берген дұрыс» (51,6%). Қазақ халқының өзара көмегі әрқашан рухани құндылықтар жүйесінде маңызды орынға ие болды. Ауыл болып мұқтаж адамға көмек көрсетті. Көмек түрі маңызды емес – үй салу, азық-түлік беру немесе жұттан кейін қайта мал өсіру. Әрқашан барлығына көмектесті.

6 ТАРАУ. КОНЬЮНКТУРА ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘЛЕУЕТІ

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы қайырымдылық қызметі қайырымдылық ұйымдарының көп болғанына қарамастан, қоғамда әлі де дамымаған. Қазақстандықтардың қайырымдылық жағдайы туралы пікірін білу үшін респонденттерге «Сіздің ойыңызша, Қазақстанда қайырымдылық қызметі қаншалықты дамыған?» деген сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелері сарапшылардың бағаларын растайды, мысалы, респонденттердің жартысынан көбі, яғни 56,8% елдегі қайырымдылық шаралары «жеткілікті дамымаған» деп санайды. Сауалнамаға қатысушылардың 17,3% Қазақстанда қайырымдылық «мүлде дамымаған» деп мәлімдейді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 19,3% елдегі қайырымдылық «Жақсы дамыған» деген, яғни 2% жоғары қарама-қарсы пікір білдірді. Респонденттердің 6,7% жауап беруге қиналамын деген жауап нұсқасын таңдады (27 диаграмма).

27 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, Қазақстанда қайырымдылық қызметі қаншалықты дамыған?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Осы сұрақта Қостанай облысы тұрғындарының көпшілігі елдегі қайырымдылық «мүлдем дамымаған» деген пікірді ұстанады, яғни – 85,7%. Қайырымдылық қызметін «жақсы дамыған» деп бағалайтындар негізінен Жамбыл облысында – 52,2% және Түркістан облысында – 35,5% тұрады.

Қызылорда облысы (79,2%), Шымкент қаласы (77,4%) және Ақтөбе облысы (70,2%) елдегі қайырымдылық «дамыған, бірақ жеткіліксіз» деп атап көрсетеді (17 кесте).

17 кесте. «Сіздің ойыңызша, Қазақстанда қайырымдылық қызметі қаншалықты дамыған?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, өңірлер бөлінісінде, %

	Жақсы дамыған	Жеткілікті дамыған	Мүлдем дамымаған	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	7,8	49,0	29,4	13,7
Ақтөбе облысы	10,5	70,2	7,0	12,3
Алматы облысы	14,2	62,2	17,3	6,3
Атырау облысы	21,1	55,3	18,4	5,3
Батыс-Қазақстан облысы	20,5	43,2	27,3	9,1
Жамбыл облысы	52,2	40,3	6,0	1,5
Қарағанды облысы	22,9	65,6	9,4	2,1
Қостанай облысы	0,0	14,3	85,7	0,0
Қызылорда облысы	0,0	79,2	14,6	6,3
Маңғыстау облысы	15,0	55,0	7,5	22,5
Түркістан облысы	35,5	52,7	10,9	0,9
Павлодар облысы	15,1	54,7	17,0	13,2
Солтүстік Қазақстан облысы	35,0	55,0	10,0	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	17,7	62,5	16,7	3,1
Нұр-Сұлтан	13,7	64,4	12,3	9,6
Алматы	21,5	54,8	9,6	14,1
Шымкент	11,3	77,4	11,3	0,0

Респонденттердің 33,2% қайырымдылықтың дамуына «қайырымдылық үшін адамдарда қосымша қаражаттың болмауы» кедергі келтіреді деп санайды. Осы себепті таңдаған сауалнамаға қатысқан респонденттердің 44,8% «ақша тіпті тамаққа да жетпейді» деп мәлімдеген. Мәселен, Қостанай облысының (87,3%), Ақтөбе облысының (68,4%) және Жамбыл облысының (64,2%) тұрғындары арасында осы себеп жиі кездеседі. 2020 жылы мұндай жауап нұсқасы болмады.

Соңғы өлшемде қайырымдылықтың дамуына тосқауыл қоюдың ең көп таралған себебі «мемлекет тарапынан қайырымдылықпен айналысатын адамдарды қолдаудың жеткіліксіздігі» болды – 30,9%. 2021 жылы бұл себеп жетекші позициядан 13,8% дейін жоғалтты. Мәліметтердің бөлінуі көрсеткендей, бұл фактор елдің бірқатар аймақтары үшін маңызды: Түркістан облысы (32,7%), Қарағанды облысы (29,2%) және Атырау облысы (28,9%).

Сондай-ақ, соңғы екі жылда қайырымдылықты дамыту бойынша маңызды кедергі «көрсетілген қайырымдылық көмектің ашықтығының болмауы» болып табылады – 2020 жылы – 28%, 2021 жылы – 23,4%. Жоғарыда аталған бөлімдерде айтылғандай, ашықтық – халықтың қайырымдылық институтына деген сенімінің болмауының басты мәселесі. Бұған «қаражатты мақсатты пайдалану кепілдіктерінің болмауы» деген себептің тұрақты көрсеткіші 2020 жылы – 14,6%, 2021 жылы – 10,5% ілеседі. Мұндай пікірді көп жағдайда Қызылорда облысының – 45,8%, Шымкент қаласының – 43,5% және Павлодар облысының – 35,8% тұрғындары ұстанады.

«Салық және заң шығару саласының жетілмегендігі» пікірінде оң динамика байқалады. Алдыңғы өлшемде мұндай респонденттер 10,3% болса, 2021 жылы олардың саны 4,6% құрады. Сондай-ақ, «қайырымдылық дәстүрлерінің болмауы» ұстанымына қатысты көңіл көншітерлік тенденция байқалады. Өткен жылмен салыстырғанда мұндай азаматтардың саны 5% (4,9%) азайды. Қатысушылардың 0,8% қайырымдылықты дамытуға ешқандай кедергі жоқ деп санайды (28 диаграмма).

28 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, қайырымдылықтың дамуына не кедергі?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Респонденттерге елдегі қайырымдылық қызметін дамыту мен ілгерілетудің маңызды бағыттарын атау ұсынылды. Мәліметтер 16 кестеде келтірілген.

2021 жылы сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі **халықтың қорғалмаған топтарына көмек көрсету керек** деп санайды – 49,2%. Сонымен бірге, осы көрсеткіштің пайызы алдыңғы өлшеммен салыстырғанда 11,3% төмендеді. Бұл негізінен Нұр-Сұлтан – 83,6%, Жамбыл облысы – 73,1% және Ақтөбе облысы – 70,2% тұрғындарының пікірі.

Карантиндік шектеулер кезінде көп азамат жалғыз табысынан айырылды. Содан кейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халыққа 42 500 теңге жәрдемақы төледі. Елордада өмір сүру елдегі ең қымбат өмір сүру деңгейі екені белгілі, ал елорда тұрғындарының көпшілігі жалдамалы немесе ипотекаға алынған үйде тұрады. Ал жалақының үштен бірі үй жалдауға немесе ипотека төлеуге кетеді. Тиісінше, ең төменгі жәрдемақы елорда тұрғындарының, әсіресе мұқтаж жандардың шығындарын өтемеді.

Биылғы жылы **білім беруді қолдау, дарынды жастарды дамыту және азаматтардың барлық санаттары үшін қосымша тегін білім алу үшін мүмкіндіктер жасау** бұрынғыдан (37,4%) көбірек (42,6%) қолдау тапты. Жамбыл облысының тұрғындары – 68,7%, Шымкент қаласы – 62,9% және Қостанай облысы – 60,3% білім беру саласына баса назар аударады. Бұл мәселеде ақтөбеліктер – 7% және астаналықтар – 15,1% онша құлшыныс танытпайды.

2021 жылы **«Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесімен қамтылмаған немесе жеткіліксіз қамтылған азаматтардың денсаулығына байланысты проблемаларды белсенді шешу»** бағыты өткен жылғы сауалнамамен

салыстырғанда – 49% бір позицияға – 36,2%, төмендеді. Азаматтарда мұндай басымдықтардың өзгеруі түрлі сезімдер тудырады, өйткені білім беру мен талантты жастарды қолдау денсаулық сақтау проблемаларынан гөрі маңызды бола бастады. Алайда, COVID-19 әлемдік эпидемиясы денсаулық сақтау жүйесін дүр сілкіндірді және қысқа мерзім ішінде ширатылып, жалпы ұтымды нәтижелер көрсетті, бұл қазақстандықтар жанының тыныштануына және сенімінің артуына ықпал етті деген болжам бар. Мәселен, денсаулық сақтау жүйесін ілгерілету бағытын Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының қолдауы ең төменгі орында – 6,8%. Аса қызығушылық танытқандар – Батыс Қазақстан – 63,6% және Солтүстік Қазақстан – 62,5% облыстарының тұрғындары.

Экологиялық бағытта оң тенденция байқалады. Осылайша, респонденттердің 32,6% **қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәселелерді шешу** мұқият назар аударуды қажет етеді деп санайды. Олардың ішінде Қарағанды – 50%, Қызылорда – 50% және Павлодар – 49,1% аймақтардың тұрғындары жауаптары бірдей. Атырау облысының халқы қоршаған ортаны қорғауға мүдделі емес – 2,6% (түсіндіру үшін - бұл 1 адамды құрайды) және Нұр-Сұлтан қаласы – 5,5% (4 адам).

Сондай-ақ, **дін саласындағы қайырымдылық қызметті** дамытуды жақтаушылар артып келеді (2020 жылы – 9,4%, 2021 жылы – 12,3%). Түркістан облысы тұрғындары дін саласындағы қайырымдылықты дамытуға үлкен қызығушылық танытқаны – 27,3%, таңқаларлық жағдай емес, өйткені Түркістан Қазақстанның барлық киелі орындары шоғырланған көне қалалардың бірі болып табылады.

18 кесте. «Қайырымдылық қызметтің қай салалары ауқымды, кешенді дамыту және толыққанды қатысу үшін басымдыққа ие?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %

	2020	2021
Халықтың қорғалмаған топтарына көмек	60,5	49,2
Білім беруді қолдау. Дарынды жастарды дамыту және азаматтардың барлық санаттары үшін қосымша тегін білім алу үшін мүмкіндіктер жасау	37,4	42,6
Қамтылмаған немесе мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесімен жеткіліксіз қамтылған түрлер бойынша азаматтардың денсаулығына байланысты проблемаларды белсенді шешу	49,0	36,2
Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәселелерді шешу	26,2	32,6
Дін саласындағы көмек	9,4	12,3
Қайырымдылықтың инновациялық түрлерін дамыту (әлеуметтік бизнес, мақсатты капитал, фандрайзинг, венчурлық филантропия және т. б.)	8,4	9,4
Ғылымды, мәдениетті және өнерді қолдау	8,3	8,3
Жауап беруге қиналамын	4,3	5,8
Аталған салалардың барлығын мемлекеттік қаржыландыру	-	1,3
Қайырымдылық қорларын мемлекеттік қолдау	-	0,2
Көпбалалы отбасыларды қолдау	-	0,2

Қайырымдылықтың инновациялық түрлерін дамыту (әлеуметтік бизнес, мақсатты капитал, фандрайзинг, венчурлық филантропия және т. б.) нысандарын дамыту қажет деген пікір 1% артты (2020 жылы – 8,4%, 2021 жылы – 9,4%). Ғылымды, мәдениетті және өнерді қолдау бұрынғы деңгейде қалып отыр – 8,3%.

1,7% респондент қайырымдылықты дамытуда бірінші дәрежелі рөлді, яғни барлық салаларды мемлекеттік қаржыландыру және қайырымдылық қорларын қолдауды, мемлекет орындауы тиіс екеніне сенімді.

Жоғарыда аталған бағыттар жынысы бойынша бөліністе ешқандай айырмашылықты көрсетпейді. Елді-мекен типінде шамалы сәйкессіздіктер бар. Қала тұрғындары – 35,6% ауыл тұрғындарына – 28,2% қарағанда қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық мәселелерді шешуге көп көңіл бөледі. Бірақ ғылымды, мәдениетті және өнердің дамуын қолдауда қалалықтарға қарағанда – 7,5% ауыл тұрғындары – 9,4% қолдау көрсетуге бейім.

Жас ерекшелігі бойынша келесі бөліністе мынадай нәтижелерді көре аламыз. Халықтың осал топтарына көмек көрсету 61 және одан жоғары жастағы аға буын үшін маңызды – 52,9%. Бірақ «қайырымдылықтың инновациялық түрлерін дамытуға» осы жас санаты ең аз – 7,5% қолдау көрсетеді (18 кесте).

Респонденттер арасындағы қайырымдылық қызметтің басым бағыттары анықталды. Әрі қарай, сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, нақты нәтиже беретін қайырымдылықтың тиімді түрлерін қарастырамыз. Мәліметтер 17 кестеде келтірілген.

Әрине, қайырымдылықтың ең қолайлы түрі «Тікелей ақшалай немесе мүліктік көмек» болып шықты – 49,6%. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында респонденттер осы түрдегі қайырымдылыққа сенетіндіктерін және қатысатындықтарын мәлімдейді. Бұл Қазақстанда қайырымдылық өзінің классикалық мағынасында қабылданбайтындығын растайды.

Елді-мекеннің типі және гендерлік белгісі бойынша ерекше корреляциялық байланыстар анықталған жоқ.

«Қайырымдылық – адамның жан дүниесі мен ішкі көңіл-күйінің қажеттілігі. Ол тиімділік үшін өлшенбеуі керек» – жауаптың осы нұсқасын респонденттердің 35,4% қолдайды. Респонденттер жынысы мен тұрғылықты жеріне қарамастан осылай ойлайды.

Сауалнамаға қатысушылардың 16,9% еріктілер арқылы жеке мүліктік емес көмек қайырымдылықтың ең тиімді түрі екенін атап өтті.

10% аз қазақстандық белгілі бір жобаларға қатысатын және/немесе халықтың белгілі бір мақсатты топтарын қолдайтын қайырымдылық ұйымдарына қайыр аудару тиімді деп санайды (19 кесте).

19 кесте. «Төмендегілердің қайсысын қайырымдылықтың ең тиімді түрі деп санайсыз?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %

	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Қала халқы	Ауыл халқы
Тікелей ақшалай және / немесе мүліктік көмек	49,6	46,8	52,1	49,3	50,1
Қайырымдылық - адамның жан дүниесі мен ішкі көңіл-күйінің қажеттілігі. Ол тиімділік үшін өлшенбеуі керек	35,4	36,1	34,9	38,9	30,3
Еріктілік арқылы жеке мүліктік емес көмек	16,9	17,5	16,4	13,1	22,8
Қоғам мен сарапшылар маңызды деп санайтын проблемалармен айналысатын қайырымдылық ұйымдарына қайырымдылық	8,5	9,0	8,1	8,2	9,0
Кең ауқымды проблемалармен айналысатын қайырымдылық ұйымдарына қайырымдылық	8,2	7,4	8,8	6,1	11,3
Қайырымдылықтан алынған барлық ақша кіріс алу үшін инвестицияланатын мақсатты қайырымдылық ұйымдарына қайырымдылық. Капиталға қол сұғылмайды, ал оны пайдаланудан алынған табыс қайырымдылық мақсаттарға жұмсалады	6,6	6,3	6,8	4,2	10,2
Жауап беруге қиналамын	5,7	6,9	4,7	5,4	6,1
Жеке жобаларға қатысатын қайырымдылық ұйымдарына қайырымдылық және / немесе белгілі бір мақсатты популяцияны қолдау	4,8	5,4	4,3	4,4	5,4
Мемлекет орта бизнесті қолдауы қажет	0,2	0,2	0,2	0,1	0,2

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың көбі – 51,9% қайырымдылық көмек ынталандыруды қажет етпейтініне сенімді. Қайырымдылық – бұл адамның жан дүниесі мен ішкі көңіл-күйі деп қарастыратын болсақ, онда өткен жылғы сауалнамамен салыстырғанда, мұндай азаматтардың үлесі шамамен 10% (9,8%) өсті. Өткен жылғы өлшеуде кері тенденция байқалды, ұсынылған барлық шаралардың жиынтығында қайырымдылық қызметті дамыту үшін ынталандыру және көтермелеу тәсілдерін қолдану қажеттілігін айтқан болатын.

Барлық ынталандыру шаралары зерттеу сауалнамасына қатысушылар арасында өзектілігін жоғалтты. Салық жеңілдіктерін беру – 19%, БАҚ жариялау – 12% және құрметті атақтар мен марапаттар беру – 6,7% жиынтықта 37,7% құрайды, бұл 2020 жылдың жиынтық көрсеткішінен аз (51%). Респонденттердің 10,4% жауап беруге қиналған (29 диаграмма).

29 диаграмма. «Қайырымдылық қызметі қалай ынталандырылуы және көтермеленуі қажет?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %



Қайырымдылыққа деген оң көзқарас, халықтың мұқтаж топтарына жанашырлық таныту және мүмкіндігінше іс-шараларға қатысуға дайын болу қайырымдылық ниеттерін жүзеге асырудың кепілі бола алмайды. Қазақстандағы қайырымдылықтың басты проблемасы – қоғамның ақпаратқа хабардар болуы нашар, ол қайырымдылық механизмдерін тежейді. Адамдар қайырымдылықты қалай жасауды білмейді, қайырымдылық қорларына да халықтың материалдық жарналары қажет деп ойламайды. Мұның бәрі қайырымдылық шаралары барлық әлеуметтік желілерді кең қамтығанына қарамастан жүзеге асырылуда. Мұның себебі қайырымдылық қызметіне деген қызығушылықтың төмендігінде болуы мүмкін.

«Сіздің ойыңызша, қайырымдылықпен айналысқысы келетін, бірақ оны қалай жасау керектігін білмейтін таныстарыңыз көп пе?» сұрағына жауапта респонденттердің жартысынан көбі, атап айтқанда 58,6% мұндай таныстардың аз екендігіне сендіреді («Аз деуге болады» – 33% және «Аз» – 25,6% қосындысы). Бұл жағдайда қайырымдылыққа қатысудың төмен деңгейі туралы болжам жұмыс істеуі мүмкін.

Ал 27,5% респондент қайырымдылықпен айналысқысы келетін, бірақ оны қалай жасау керектігін білмейтін таныстардың «Көп» – 10,7% және «Көп деуге болады» – 16,8% екенін айтады. Сауалнамаға қатысқандардың 13,9% сұраққа жауап беруге қиналған (20 кесте).

20 кесте. «Сіздің ойыңызша, қайырымдылықпен айналысқысы келетін, бірақ оны қалай жасау керектігін білмейтін таныстарыңыз көп пе?» сұрағына мәліметтердің бөлінуі, %

Көп	10,7
Көп деуге болады	16,8
Аз деуге болады	25,6
Аз	33
Жауап беруге қиналамын	13,9

Пандемия кезіндегі қайырымдылық жағдайы

Пандемия кезіндегі қайырымдылық саласы ең осал топтардың қатарында болды. Коронавирус эпидемиясы мен экономикалық құлдырау

Қазақстандағы көп қайырымдылық ұйымдарын өмір сүру шегіне жеткізді. Кәсіпорындар да, жеке тұлғалар да КЕҰ-ға қаржылық қолдауды қысқартты, бұл бизнестің тоқтап қалуы мен халықтың табысының төмендеуіне байланысты болды. Өзін-өзі оқшаулауға қатысты шектеулер әлеуметтік қызметтер жұмысын қиындатты. Осыған қарамастан, қайырымдылық ұйымдары өз қамқорындағыларына қолдау көрсетуге тырысып жатыр. Мұндай жағдайда ірі корпорациялардың және жеке қорлардың материалдық та, қаржылық та көмегі ерекше құнды болады.

Халықтың пікірінше, пандемияның қайырымдылықпен байланысты мәселелерге қалай ықпал еткендігін түсіну үшін респонденттерге сауалнама барысында бағалау үшін тұжырымдар ұсынылды.

Ірі корпорациялар көмегінің құндылығы туралы факт сауалнамаға қатысушылар пікірлерінің көпшілігімен расталды, яғни сауалнамаға қатысқандардың 52,8% пандемия халықтың қайырымдылық жұмыстарының төмендеуіне алып келді және үлкен меценаттардың маңыздылығына екпін береді деген пікірмен келіседі. Респонденттердің 26,8% осы тұжырыммен келіспеді. Сәл аз бөлігі, 20,4% жауап беруге қиналды.

Қайырымдылық шешілмеген мәселелерге жауап ретінде, апатқа реакция ретінде пайда болады. Эпидемия – соңғы 20 жыл ішінде болған ең ірі апат. Сондықтан, қайырымдылық үшін эпидемияның алғашқы және айқын салдары жұмыс ауқымының күрт өсуі болды. Әрине, пандемия елдің барлық проблемаларын әшкерелеп, әсіресе халықтың аз қамтылған топтарына соққы берді, қазақстандықтардың 78,8% мұнымен келіседі.

Пандемияның жалпы қиындықтары адамдарды, әсіресе талантты және бастамашыл жастарды, әртүрлі мәселелерді шешу үшін ерекше жобаларды іске қосуға итермеледі. Яғни оны біз пандемияның басым тұсы ретінде атап өтеміз. Сауалнамаға жауап бергендердің 61,2% осы пікірмен келіседі.

Осыған жарқын мысал – Тооба қосымшасын іске қосу. Ұжымдық қайырымдылыққа арналған бұл алаң Ресейде, ал қазір Қазақстанда да іске қосылды, оның амбассадоры UFC чемпионы Хабиб Нурмагомедов болып табылады, ол өзінің спорттық мансабын жақында аяқтап, қайырымдылыққа көбірек уақыт бөлуді жоспарлап отыр. Тооба қосымшасы – әртүрлі қайырымдылық қорларын біріктіретін ұжымдық қайырымдылық платформасы. Ол арқылы қазірдің өзінде 1,3 миллионнан астам доллар жиналды –көмекке мұқтаж мыңдаған жан көмек алды. Тооба жобасын Қазақстанда бастаудың бастамашылары – KPMG Digital Village SA-ның сарапшысы Мадияр Төлеуғали және Kex маркетинг агенттігінің бас директоры Расул Абдуллаев. Ерекшелігі, Тооба – жеке немесе мемлекеттік ұйымдармен біріктірілмеген тәуелсіз платформа. Тиісінше, қайырымдылық ұйымдарына деген бейтарап көзқарас және нақты бизнес пиарының болмауы. Оның дәлелі – Asarume қайырымдылық жобасы. Бір адамнан 500-1000 теңге жіберткізген танымал блогерлерді және олардың кең аудиториясын қосу арқылы жоба бір күнде үй салуға қажетті қаражатты жинады. Asarume көмегімен 53 отбасына (353 балаға) өз үйін табуға көмектесті.

Платформаға қазірдің өзінде 7 қазақстандық қор қосылды, олардың ішінде - DARA, Asarume, Аяла, Болашақ, Шұғыла, Береке, Боташым қорлары бар¹⁰.

¹⁰ <https://the-steppe.com/obshestvo/ostraya-neobhodimost-ili-pustoy-hayp-o-kollektivnoy-blagotvoritelnosti-i-zapuske-prilozheniya-tooba-v-kazahstane>

Қайырымдылық ұйымдарының жағымды кейстеріне қарамастан, талдау барысында оларға деген сенім деңгейі сауалнамаға қатысқан қазақстандықтар арасында айтарлықтай төмен болып қалуда. Еске салайық, респонденттердің 47,2% қайырымдылық ұйымдарына «сенеді» – 17% және «сенемін деуге болады» – 30,2%. Сондықтан пандемия халықтың қайырымдылық ұйымдарына деген сенім деңгейінің өсуіне себеп болған жоқ. «Пандемия халықтың қайырымдылыққа деген сенімін арттырды» деген пікірмен азаматтардың 45,5% келіседі (21 кесте).

21 кесте. Пандемиямен байланысты мәлімдемелерге қатысты мәліметтердің бөлінуі, %

...мәлімдемелермен келісесіз бе?	Келісемін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
1. Пандемия халықтың қайырымдылығының төмендеуіне алып келді және ірі меценаттардың маңыздылығын атап өтті	52,8	26,8	20,4
2. Пандемия қазіргі проблемаларды, әсіресе халықтың аз қамтылған топтарына әсер етті	78,8	12,7	8,6
3. Пандемия адамдарды, әсіресе жастарды коронавирустан пайда болған проблемаларды шешуге арналған түпнұсқа жобаларды іске қосуға итермеледі.	61,2	18,5	20,3
4. Пандемия халықтың қайырымдылық ұйымдарына деген сенім деңгейінің өсуіне себеп болды	45,5	31,5	23,0

Пандемия барлық салаларға ықпал етіп, қоғамның барлық мәселелерін әшкерелегені сөзсіз. Жағдай тынышталды, бірақ оның әсері әлі де жойылмайды. Бірақ қайырымдылық үшін, пандемияның негізгі нәтижесі жаңа қызметкерлерді тарту болады. Мұндай үлкен қиындық айтарлықтай із қалдырады. Еріктілер жұмысының дәмін сезініп, бірлескен гуманитарлық жұмыста тәжірибе жинаған адамдар қайырымдылықты сақтағысы келетіні сөзсіз. Олар мұның жолдарын іздейді, жаңа жобалар мен жаңа қорлар ашады.

Әлемді жайлаған пандемия қазіргі қоғамда жақсылық пен мейірімділіктің қаншалықты маңызды екенін айқын дәлелдеді. Қазақстан әлемнің әртүрлі елдеріндегі мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, БҰҰ-ның еріктілер бағдарламасының белсенді қатысушыларының біріне айналды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясында Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілерді жұмылдырудың халықаралық жылын жариялау туралы ұсыныс жасады. Бұл бастама тек біздің елімізде ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдегі еріктілік мәдениеті мен дәстүрлеріне байланысты Қазақстанның ерекше қатынасын дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қайырымдылық көп ғасырлық тарихы мен дәстүрі бар күрделі, көп компонентті әлеуметтік-мәдени құбылыс болып табылады. Әр елде қайырымдылық өзінің тарихи дамуы аясында қалыптасты және өзгерді. Қазақстандағы қайырымдылықты түсіну Батыстың түсінігінен өзгеше. Қазақстандықтардың альтруистік сезімдері атаулы көмек көрсетуге көп көңіл бөледі, корпоративтік қайырымдылық төмен деңгейде. Бұл ретте зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтар қайырымдылық шараларына өте белсенді және осы практикаға қатысуға әлеуетті дайын. Қазақстандықтардың көп бөлігі (54,4%) қайырымдылыққа оң көзқараспен қарайды және мұқтаж жандарға көмектесуге тырысады. Қазақстандықтардың көпшілігі (46,9%) қайырымдылықты кез-келген ақысыз көмек түрі деп түсінеді. АҚШ-тағы филантропия ұғымы қайырымдылық қызметті алушылар санының көп болуына және бүкіл елде, аймақта немесе тіпті бүкіл әлемде адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған. Филантропия – мәдениетті, ғылым мен білімді, гуманитарлық көмек пен ауыл шаруашылығын қаржыландырудың негізгі көзі. Америкада қала тұрғындары да, қала маңындағы тұрғындар да қайырымдылықпен айналысады және олардың табысы маңызды емес.

Соңғы жылдар ішінде халықтың қайырымдылық мақсаттары үшін басым санаттар жетім балалар (54,1%), сондай-ақ ауыр сырқаты бар балалар (48,8%) болып табылады.

Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерін талдау барысында қазақстандықтар арасында қайырымдылықтың ТОП-3 рейтингі қалыптасты. Рейтингті жетім балалар, оның ішінде ауыр науқастар мен мүмкіндігі шектеулі балалар (44,1%) бастап отыр. Қажетті өнімдерді (33,5%) және көшеде қайыр беру (30,9%) нысаны да жоғары көрсеткіштерге ие.

Қайырымдылық жасаушылар ақшалай қаражатты мұқтаж адамдарға тікелей беру арқылы қайырымдылық жасауды жөн көреді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мұндай азаматтардың үлесі 35,2% құрады.

Респонденттердің көп бөлігі, атап айтқандай – 45,9% әрбір адам өз мүмкіндіктеріне қарай қайырымдылықпен айналысуы тиіс екеніне сенімді.

Қайырымдылық шараларын ынталандырушы факторларды талдай отырып, қайырымдылық жасау мүмкіндігі тікелей халықтың әл-ауқатына байланысты екендігі анықталды. Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың көпшілігі, яғни 42,3% табысы қазіргіден жоғары болған кезде қайырымдылыққа көбірек ақша аударуға болатындығын айтқан.

Азаматтарды қайырымдылық қызметпен айналысуын тежейтін негізгі себеп – қаржылық мүмкіндіктің болмауы – 52,5%, ал өткен жылы бұл көрсеткіш рейтингтің соңғы жолдарында орналасқан болатын.

Екі өлшеудің нәтижелері қайырымдылық шараларға қатысу халықтың қаржылық жағдайы мен өмір сапасына тікелей байланысты екенін көрсетті. Басқаша айтқанда, адам өзі қаржылай еркін болған кезде мұқтаж адамдарға көмектесуге дайын болады.

Әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей, жалпы респонденттер заттарды, бұйымдарды, тауарларды мұқтаж адамдарға беруге

қатысқан (37,8%). Өткен жылы бұл практикаға көп адам тартылды (41,8%). Заттар мен өнімдер арқылы көмек көрсетумен салыстырғанда қаражат арқылы қайырымдылық (27,4%) танымалдығы төмен. Тұтастай алғанда, халық ақша аударымдарына кепілдіктердің болмауына және ақша аударымдарының тұтастығына байланысты сенім білдірмейді. Сонымен қатар, адамға қажет заттармен тікелей көмек көрсету ұтымды деген көзқарас бар.

Қайырымдылық шараларына қатысқан респонденттердің үлесі өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеген. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, соңғы 12 айда ақшалай қаражат аз қамтамасыз етілгендерге көмек ретінде берілді (28,5%). Сонымен қатар, жоғарыда аталған санаттардың ешқайсысын қолдамаған азаматтардың саны 10% артқан.

Халық пікіріне сәйкес қазіргі уақытта Қазақстандағы әлеуметтік қолдаудың негізгі жеткізушісі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар, орта және шағын бизнес, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да қоғамдық бірлестіктер емес, мемлекет (60%) болып табылады.

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғам бизнестен әлеуметтік белсенділікті күтуде. Сауалнама мәліметтеріне сенсек 59,9% респондент қазақстандық компаниялар өздері жұмыс істейтін жергілікті қоғамдастықтарды қолдауға көмектесуі тиіс деп есептейді, ал 51,3% қайырымдылық мақсаттарына қайырымдылық жасайтын немесе жергілікті қоғамдастықтарды қолдайтын компаниядан өнімді немесе қызметті сатып алуға неғұрлым бейім болатынын атап көрсетеді.

Респонденттердің басым бөлігінің пікірі бойынша, кәсіпкерлер өздерінің қайырымдылық шығындарының ашықтығын енгізуі (62,8%), сонымен қатар табысының белгілі бір бөлігін қайырымдылық қызметіне аударуы (59,9%) қажет.

Қазақстандағы корпоративті қайырымдылық рөлі ақша түрінде де, бүкіл қайырымдылық секторын дамытудың күн тәртібіне ықпал ету тұрғысынан да мардымсыз. Респонденттердің көпшілігі үшін (72,3%) «корпоративтік қайырымдылық» ұғымы таныс емес.

Батыста қайырымдылық – заманауи адам әдеті. Жеке қайырымдылық қана емес, коммерциялық емес жобалар мен қайырымдылық қорларын коммерциялық брендтерінің корпоративтік қолдауы да белсенді дамып келеді. Шетелде корпоративтік қайырымдылықтың ең көп таралған түрлері – меншікті немесе үлестес қорларды қолдау, мэтчингтік бағдарламалар және КЕҰ агрегатор-сайттарынан сыйлық карталары. АҚШ-тағы ең танымал формат – «Matching Gift» деп аталады. Double the Donation мәліметтері бойынша, жыл сайын осы бағдарлама аясында қорларға 2 миллиардтан астам АҚШ \$ аударылады. Мәселенің төркіні компанияның қызметкері белгілі бір соммадағы ақшаны қорға аударды, ал жұмыс беруші оны екі есеге арттыруында. Бұл әдіс қайырымдылыққа жақтаушыларды көбірек тартуға мүмкіндік береді, себебі ұжымдағы қызметкерлер әріптестерін акцияларға қатысуға ынталандырады.

Көптеген ірі компанияларда жұмысшылар корпоративті сыйлықтар емес, қорға аударуға болатын сомасы бар картаны алып отырады. Оны жүзеге асыру үшін әртүрлі саладағы қайырымдылық

ұйымдарын біріктіретін көптеген агрегатор платформалары бар. Мұндай алаңда болу үшін қор верификацияланып, жұмысының ашықтығы мен адалдығын дәлелдеуі қажет. Ұлыбританиядағы ең ірі ҰЕҰ агрегаторы – 160,000 қайырымдылық қорын біріктіретін CharityChoice. Мұндай бағдарламаларды NBC, Netflix, Johnson & Johnson сияқты алып компаниялар қолдайды.

Dollars for Doers форматының ерекшелігі – компаниялар өз қызметкерлерінің таңдалған қордың еріктілік жұмысына қатысқанына ақы төлейді. Қор еріктінің белгілі бір уақыттағы жұмысын ғана емес, сонымен қатар компаниядан ақша ала алады (мысалы, сағатына 15 \$)¹¹.

Қазақстандықтардың қайырымдылық ұйымдарына деген сенім деңгейін «шартты» деп сипаттауға болады. Жартысынан азы, атап айтқанда 47,2% қайырымдылық ұйымдарына сенім білдірді. Өткен жылы бұл көрсеткіш 58,1% болған еді. Дегенмен, қатысушылардың көпшілігі «Жоқ, қаражатты мұқтаж адамдардың қолына өзім бергенім жақсы» деп атап өтті – 51,6%. **Басқаша айтқанда, қазақстандықтар негізінен қайырымдылық ұйымдарына сенеді, бірақ ақша аудармайды.**

Қайырымдылық ұйымдарының ең көп кездесетін проблемасы – ұйымның өзі туралы емес, оның бағыты, ерекшеліктері мен мақсатты аудиториясы туралы хабардар болу деңгейінің төмендігі. Осылайша, респонденттердің 40,8% ұйымдарға ақша аудармайды, өйткені «Олар қайырымдылық ұйымдарының қызметімен аз таныс».

Қазақстандықтардың қайырымдылық ұйымдарының қызметіне қатысу деңгейі өте төмен. Осылайша, сұралғандардың 9,5% қызметкер, волонтер ретінде қатысқандарын атап өтті. Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі (60%) қайырымдылық ұйымдарымен әрекеттесуіне байланысты «Жоқ, мен кездеспедім» жауап нұсқасын таңдаған. Қайырымдылық ұйымдарының қызметін танымал ету немесе қайырымдылық процестеріне ынталандыру мен тартудың тиімді құралдары қажет екені байқалады.

АҚШ-та трасттар, қорлар және корпорациялар түрінде құрылған көптеген қайырымдылық ұйымдары тіркелген. Олардан басқа, елде қайырымдылықты дамытумен және алаяқтық жағдайларын анықтаумен айналысатын арнайы ұйымдар бар. Жоғарыда аталған барлық ұйымдар салық төлемінен босатылуы немесе салық жеңілдіктерін алуы мүмкін. Олардың қызметін салықтың реттеу федералдық және өңірлік деңгейлерде жүзеге асырылады. Америкалық қайырымдылық іс жүзінде қысқа мерзімді жобалармен айналыспайды, оның мақсаты қолайсыз жағдайлардың белгілерін емес, олардың себептерін жою, қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу, аурудың емін ойлап табу және т.б. Дәл осы саясат қайырымдылық жоғары деңгей де дамыған елдерді ерекшелендіреді.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы қайырымдылық қызметі қайырымдылық ұйымдары көп болғанына қарамастан, қоғамда әлі де дамымаған. Сауалнама нәтижелері сарапшылардың бағалауларын растайды, өйткені респонденттердің жартысынан көбі, яғни 56,8% елдегі қайырымдылық

¹¹ <https://www.forbes.ru/forbeslife/413169-kak-coca-cola-netflix-i-drugie-giganty-zanimayutsya-blagotvoritelnostyu-glavnye>

шаралары «жеткілікті дамымаған» деп санайды. Сауалнамаға қатысушылардың 17,3% Қазақстанда қайырымдылық «мүлде дамымаған» деп мәлімдейді.

Көпшіліктің пікірінше, респонденттердің 33,2% қайырымдылықтың дамуына «адамдарда қайырымдылыққа қосымша қаражаттың жетіспеушілігі» кедергі келтіреді деп санайды. Материалдық әл-ауқат тұрғысынан бұл себепті тамақ үшін де ақшасы жетіспейтінін респонденттердің 44,8% атап өтті.

2021 жылы сауалнамаға қатысушылардың негізгі бөлігі халықтың қорғалмаған топтарына көмек көрсетуді жөн көреді – 49,2%. Осы көрсеткіштің пайызы өткен жылмен салыстырғанда 11,3% қысқарған.

Қайырымдылықтың ең қолайлы түрі – «тікелей ақшалай немесе мүліктік көмек» – 49,6%. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында респонденттер осы формадағы қайырымдылыққа қатысады және сенім білдіреді.

Институттық қайырымдылық мәселесін мұқият қарастыру қажет. Ықтимал қайырымдылық көрсетушілерге деген көзқарасты өзгерту бағытында қозғалу қажет. Ақыр соңында, егер біз адамдарға және бизнеске түрлі жолдармен ынталандыру және көтермелеу арқылы қоғамға пайда әкелуге мүмкіндік берсек, онда халықтың қайырымдылық қызметке, қайырымдылық қорлары мен ұйымдарына деген сенімсіздігін жоюға болады. Өзінің ықтимал көмекке дайын екендігін мәлімдейтін азаматтардың саны мен осы қызметке шынайы ат салысып жүрген адамдар саны арасындағы алшақтықты қысқартуға көмектеседі. Егер қолайлы жағдай жасайтын болса, қайырымдылық көпшіліктің өмір салтына айналуы үшін барлық мүмкіндіктер бар.

ҰСЫНЫСТАР

1. Мемлекет қайырымдылықты дамыту бойынша жүйелі ұстанымға ие болып, ала-кезек іс-шаралар санын барынша азайтып, өзінің күш-жігерін қайырымдылықты институттандыруға және сектор үшін тұрақты инфрақұрылым құруға жұмылдыруы қажет.

2. *Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне:*

- қайырымдылыққа қатысты барлық ақпараттық жүйелерге біріктірілген қайырымдылық ұйымдарының ұлттық Тізілімін енгізуді жеделдету (ҚР Президентінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы Еріктілер жылының жабылу салтанаты барысында берген тапсырмасы);
- қазақстандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, қайырымдылық бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін әдістемелер кешенін әзірлеу;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) бағдарламалары аясында бизнес пен қайырымдылық

- ұйымдарының өзара әрекеттестігі мәселесінде белсенді позицияны ұстану;
- республикалық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік ақпараттық тапсырыста классикалық ақпарат тарату аясында, сондай-ақ арнайы медиа жобаларда (әлеуметтік эксперименттері бар роликтер, мини-сериалдар, деректі циклдар және т. б.) «Қайырымдылық мәдениетін дамыту» тематикалық бағытын бөлу;
 - жастар арасында трендтік қозғалыстар мен челленджерді іске қосу, мысалы, «Игі істер эстафетасы».

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне:

- «сынып сағаттарында», факультативтік сабақтар және мектеп жасындағы балалармен өзара жұмыс жасаудың өзге де нысандарында қайырымдылық туралы тақырыптар мен әңгімелерге балаларды тұрақты негізде баулу және тарту;
- ағартушылық және ақпараттық жобаларға баса назар аударатырып, жоғары оқу орындары мен қайырымдылық ұйымдары арасындағы серіктестікті дамыту.

АҚШ тәжірибесіне назар аударатырып, қайырымдылыққа қатысқаны үшін әртүрлі бонустарды беру бойынша шаралар жүйесін әзірлеу қажет, ең алдымен бизнес құрылымдар үшін салық жеңілдіктеріне баса назар аудару ұсынылады. Бұл бонустық жүйе Қазақстанда әлі кең таралмаған немесе жоқ, бірақ мұқтаж жандарға көмек ретінде мемлекет функциясының бір бөлігін қабылдау әлеуметі бар қайырымдылық практикаларын қолдауы керек.

Мемлекет бюджет қаражатын қоғамның әлеуметтік осал қабаттарына қаржылай көмекке емес, халық арасында қайырымдылықты кеңінен насихаттауға, фандрайзингті дамытуға, қайырымдылық жасаушының ұтымды имиджін қалыптастыруға және т.б. жұмсағаны дұрыс.

Егер мемлекет жауапкершілікті қоғамға ауыстыра отырып, әлеуметтік саясаттың белгілі бір шараларын жүзеге асырудан біртіндеп бас тартса, онда қайырымдылық осылайша мемлекет функциясының бір бөлігін алады және әлеуметтік саясаттың кемшіліктерін толтырады. Сонымен қатар, егер мемлекет болашақ үшін әрекет етсе, яғни қайырымдылықты дамытуға қаражат салса және қоғамды қайырымдылық қызметпен айналысуға ынталандырса, онда бұл кез-келген қазақстандықтың өмір сүру нормасына айналады.

Халықты жаппай сұрауға арналған сауалнама

Құрметті респондент! Менің атым _____ . Мен Қазақстанның «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институтының (Нұр-Сұлтан Қ.) интервьюерімін. Сізден Қазақстан жағдайындағы қайырымдылық жүйесі туралы сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз. Сіздердің назарларыңызға бірқатар сұрақтар мен оларға жауап нұсқалары ұсынылған. Осы сұрақтарды және оларға ұсынылған жауап нұсқаларын соңына дейін тыңдап, өзіңізге сәйкес келетін жауапты таңдаңыз. Егер ұсынылған жауаптардың ешқайсысы сізді қанағаттандырмаса, өз нұсқаңызды «басқа» бағанына көрсетіңіз.

Алынған ақпарат тек жалпыланған түрде қолданылады. Сіздің пікіріңіздің анонимділігі мен құпиялылығына кепілдік беріледі.

1. НЕГІЗГІ БЛОК

1. «Қайырымдылық» деген сөзді қалай түсінесіз? (ЕКІ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Мұқтаж адамдарға ақша аудару
2. Қайырымдылық ұйымдарының шотына ақша аудару
3. Материалдық емес көмек көрсету (мысалы, балалар үйлеріне, қарттар үйлеріне бару, қайырымдылық акцияларына қатысу және т. б.)
4. Сұрағандарға садақа беру
5. Ақысыз көмектің кез келген түрі

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

2. Төменде аталғандардың ішінде соңғы 12 айда не істедіңіз? (КЕЗ КЕЛГЕН ЖАУАП НҰСҚАСЫ)

1. Мұқтаж адамдарға заттарды, азық-түліктерді, тауарларды бердік (отбасының жақын мүшелері мен туыстарын қоспағанда)
2. Қайырымдылық ұйымына заттарды, азық-түліктерді, тауарларды бердік
3. Нақты мұқтаж адамдарға тікелей ақшалай қайырымдылық жасадық
4. Коммерциялық емес ұйымға (қайырымдылық қоры, балалар үйі, қарттар үйі, медициналық мекеме және т.б.) ақшалай қайырымдылық жасадық
5. Діни ұйымға ақшалай қайырымдылық жасадық
6. Қайырымдылық акциясына мақсатты үлес қостық (мысалы, марафонда немесе концертте)
7. Өз елді мекендерін дамытуға қатыстық
8. Қоғамның дамуына қатыстық
9. Кіші отанның дамуына қатыстық
10. Жануарларға көмектестік
11. Аталғандардың ешқайсысы емес

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

3. Сіз соңғы 12 ай ішінде төменде көрсетілгендердің қайсысына ақша жараттыңыз? (КЕЗ КЕЛГЕН ЖАУАП НҰСҚАСЫ)

1. Балаларға, соның ішінде жетім балаларға, ауыр науқастарға және мүгедектерге көмек
2. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау
3. Көп балалы және/немесе толық емес отбасыларға қолдау
4. Тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсету
5. Діни ұйымға ақшалай қайырымдылық
6. Қайырымдылық ұйымдарына олардың жобаларын іске асыруға қайырымдылық
7. Қоршаған ортаны қорғау
8. Дарынды жастарды қолдау
9. Есірткіге тәуелділікпен күрес
10. Жануарларға көмек көрсету
11. Аталғандардың ешқайсысына ақша жұмсамадым

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

4. Сіз қайырымдылыққа қалай қарайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Оң, мен мұқтаж жандарға көмектесуге тырысамын
2. Оң, қоғамға қайтарымсыз және риясыз көмек қажет
3. Теріс, бұл уақыт пен ақшаны ысырап ету
4. Теріс, тәуелділікті тудырады
5. Маған бәрібір

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

5. Егер сіз қайырымдылықпен айналыссаңыз, қандай формада? (БЕС ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Балаларды қолдау (оның ішінде жетім балаларды, ауыр науқас балаларды және мүгедек балаларды)
2. Мәдени мұраны сақтау
3. Қоғамдастық пен қалалық ортаны дамыту
4. Ғылыми зерттеулерді қолдау
5. Көшедегі зекет
6. Жануарларға көмек
7. Мұқтаж адамдарға қажетті өнімдерді беру
8. Компаниялар атынан қайырымдылық қызметі
9. Ауруханалар мен хоспистерді қоса алғанда, медициналық мекемелерді қолдау

10. Білім беру мекемелерін қолдау
11. Балалар үйіне заттар, кітаптар және т. б. түрінде қайырымдылық.
12. Мешіттің, шіркеудің мұқтаждарына ақшалай қайырымалдықтар
13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалар
14. Кіші отанның Тарихи объектілерін (көне ғимараттар, тарихи ескерткіштер) қайта жаңарту
15. Кіші Отандағы археологиялық зерттеулерді қолдау (өлкетану жұмысы, қазба жұмыстары, экспедициялар)
16. Кіші Отанда әлеуметтік маңызы бар нысандар құрылысын қолдау
17. Жоғарыда айтылғандардың ешқайсысымен айналыспаймын

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

6. Сіз ең алдымен халықтың қандай санаттарына көмектесуге дайынсыз? (ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Жетім балалар
2. Ауыр науқас балалар
3. Мүмкіндігі шектеулі адамдар (мүгедектер)
4. Қарт адамдар
5. Ауыр науқастанған ересек адамдар
6. Тұрақты мекен-жайы жоқ адамдар
7. Қиын өмірлік жағдайға душар болған адамдар
8. Әйелдер
9. Жастар
10. Толық емес отбасылар
11. Көпбалалы отбасылар
12. Мигранттар
13. Репатрианттар (қандастар)
14. Халықтың ешқандай санатына көмектесуге дайын емеспін

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

